ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІ
АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО СТАТИСТИКЕ

Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңына сәйкес бұл материал көбейтуге (көшіруге) жатпайды, статақпараттарды өзінің жарияланымдарында (басылымдарында) пайдаланған жағдайда Қазақстан Республикасы Статистика агенттігіне сілтеме жасауға міндетті.

В соответствии с Законом РК «Об авторском праве и смежных правах» данный материал не подлежит размножению (копированию), при использовании статинформации в своих публикациях (изданиях) обязательна ссылка на Агентство Республики Казахстан по статистике.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

2007 жылдың қаңтар-сәуірі
январь-апрель 2007 года

АЛМАТЫ, 2007

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

Ай сайынғы ақпараттық-талдамалы журнал

1991 жылдан бастап шығады

Құрылтайшы: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Бас редактор - А.Мешімбаева

«Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуында» 2007 жылдың қаңтар-сәуіріндегі ел экономикасының дамуы туралы жедел статистикалық деректер бар.

«Қазақстан Республикасы және оның өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының статистикалық көрсеткіштері» қосымшасында тиісті бөлімдер бойынша кестелік материал келтірілген.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы (жедел деректер)» ай сайынғы журналын электрондық түрде де ұсыну мүмкіндігі бар.

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 125, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
Телефондар: 8 (327-2) 277-52-29, 277-52-25
Факс: (327-2) 242-43-38
Электрондық мекен-жай: stat@ mail.online.kz
Веб-сайт: http//www.stat.kz

Шартты белгілер:

-	–	құбылыс жоқ
0,0	–	болмашы шама
…	–	деректер жоқ (табыс етілмеген)

Таралымы: 250 дана.
Көлемі = 27,99 ЕБТ

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылдың 14 тамызында тіркелген № 3156-Ж

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Ежемесячный информационно-аналитический журнал

Издается с 1991 года

Учредитель: Агентство Республики Казахстан по статистике

Главный редактор - А.Мешимбаева

«Социально-экономическое развитие Республики Казахстан» содержит оперативные статистические данные о развитии экономики страны в январе-апреле 2007г.

В приложении «Статистические показатели социально-экономического развития Республики Казахстан и ее регионов» приведен табличный материал по соответствующим разделам.

Агентство Республики Казахстан по статистике имеет возможность предоставлять ежемесячный журнал «Социально-экономическое развитие Республики Казахстан (оперативные данные)» также в электронном виде.

Адрес: Республика Казахстан, 050008, г. Алматы, пр Абая, 125, Агентство Республики Казахстан по статистике
Телефоны: 8 (327-2) 277-52-29, 277-52-25
Факс: (327-2) 242-43-38
Электронный адрес:stat@ mail.online.kz
Веб-сайт: http//www.stat.kz

Условные обозначения:

-	–	явление отсутствует
0,0	–	незначительная величина
...	–	данные отсутствуют (не представлены)

Тираж: 250 экз.
Объем = 27,99 УПЛ

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан 14 августа 2002 г. № 3156-Ж

© Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, 2007
© Агентство Республики Казахстан по статистике, 2007

Мазмұны

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы қаңтар-сәуірдегі әлеуметтік-экономикалық дамуының қысқаша қорытындылары ... 5

2. Тауарлар мен қызметтер өндірісі ... 7

2.1 Жалпы ішкі өнім ... 7
2.2 Өнеркәсіп өндірісі ... 9
2.3 Ауыл шаруашылығы ... 14
2.4 Құрылыс ... 16
2.5 Көлік ... 18
2.6 Байланыс ... 19
2.7 Сауда және өзге де қызметтер ... 21

3. Шағын бизнес мониторингі ... 24

4. Сыртқы сауда ... 26

4.1 Сыртқы сауда айналымы ... 26
4.2 ТМД мемлекеттерімен сыртқы сауда ... 27
4.3 Әлемнің басқа елдерімен сыртқы сауда ... 27

5. Тауар рыноктары ... 28

6. Инвестициялар ... 31

7. Бағалар ... 34

7.1 Тұтыну бағалары ... 34
7.2 Экономиканың нақты секторындағы баға ... 35

8. Қаржы жүйесі ... 39

8.1 Мемлекеттік қаржы ... 39
8.2 Ақша-кредит жүйесі ... 40

9. Еңбек рыногы және еңбекке ақы төлеу ... 42

9.1 Жалданып жұмыспен қамтылу ... 42
9.2 Жұмыссыздық және жұмыспен қамту ... 43
9.3 Еңбекке ақы төлеу ... 44

10. Халық табысы ... 46

11. Демографиялық процестер және әлеуметтік сала ... 47

11.1 Демографиялық ахуал ... 47
11.2 Халықтың ауру-сырқаулығы ... 48
11.3 Қылмыстылық ... 49

12. Қазақстан Республикасы өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы: салыстырмалы талдау ... 51

13. Конъюнктуралық зерттеулер ... 54

14. ТМД елдерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы ... 57

Содержание

1. Краткие итоги социально-экономического развития Республики Казахстан в январе-апреле 2007 года ... 62

2. Производство товаров и услуг ... 64

2.1 Валовой внутренний продукт ... 64
2.2 Промышленное производство ... 66
2.3 Сельское хозяйство ... 71
2.4 Строительство ... 73
2.5 Транспорт ... 75
2.6 Связь ... 76
2.7 Торговля и прочие услуги ... 78

3. Мониторинг малого бизнеса ... 81

4. Внешняя торговля ... 83

4.1 Внешнеторговый оборот ... 83
4.2 Внешняя торговля с государствами СНГ ... 84
4.3 Внешняя торговля с другими странами мира ... 84

5. Товарные рынки ... 85

6. Инвестиции ... 88

7. Цены ... 91

7.1 Потребительские цены ... 91
7.2 Цены в реальном секторе экономики ... 92

8. Финансовая система ... 96

8.1 Государственные финансы ... 96
8.2 Денежно-кредитная система ... 97

9. Рынок труда и оплата труда ... 99

9.1 Занятость по найму ... 99
9.2 Безработица и обеспечение занятости ... 100
9.3 Оплата труда ... 101

10. Доходы населения ... 103

11. Демографические процессы и социальная сфера ... 104

11.1 Демографическая ситуация ... 104
11.2 Заболеваемость населения ... 105
11.3 Преступность ... 106

12. Социально-экономическое положение регионов Республики Казахстан: сравнительный анализ ... 108

13. Конъюнктурные обследования ... 111

14. Социально-экономическое положение стран СНГ ... 114

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2007 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР-СӘУІРДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Макроэкономикалық үрдістер. Жалпы ішкі өнімнің көлемі, жедел деректер бойынша, 2007 жылдың қаңтар-наурызында ағымдағы бағаларда 2531,8 млрд. теңгені құрады. Нақты ЖІӨ-нің өсуі 2006 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 110,5% құрады. ЖІӨ-нің құрылымында тауарлар өндірісінің үлесі ЖІӨ-ден 39,5%, қызмет көрсету - 58,8% болды.

2007 жылғы сәуірде тұтыну бағаларының индексі 2006 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 103,1% құрады. Азық-түлік тауарларының бағалары 4%, азық-түлік емес тауарлар – 1,5%, ақылы қызмет – 3,5% өсті. Өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындардың бағалары 2007 жылғы сәуірде 2006 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 1,4% өсті.

Жұмыссыздар саны 2007 жылғы сәуірде, сараптамалық бағалау бойынша, 612,5 мың адамды, жұмыссыздық деңгейі экономикалық тұрғыдан белсенді халыққа шаққанда – 7,6% құрады, соның ішінде жұмыссыздар ретінде жұмыспен қамту органдарында тіркелген адамдардың саны ағымдағы жылғы сәуірдің соңында 81,7 мың адамды құрап, олардың экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы үлесі 1,0% болды.

Экономиканың нақты секторы. 2007 жылдың қаңтар-сәуірінде өнеркәсіп өндірісінің көлемі қолданыстағы бағамен 2196,6 млрд. теңгені құрады, бұл 2006 жылғы қаңтар-сәуірдегіден 9,5% көп. 2006 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда кен өндіру өнеркәсібінде өндіріс көлемі 8,3% өсті, өңдеу өнеркәсібінде – 11,7% өсті, электр энергиясын, газ бен су өндіруде және бөлуде – 6,2%-ға өсті.

2007 жылғы қаңтар-сәуірде ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі ағымдағы бағамен 120,7 млрд. теңгені құрап, 2006 жылғы қаңтар-сәуірмен салыстырғанда 3,9% өсті.

2007 жылдың қаңтар-сәуірінде жүк тасымалдаудың жалпы көлемі (коммерциялық тасымалдаумен шұғылданатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасымалдаған жүк көлемінің бағасын есепке алғанда) 582,5 млн. тоннаны құрап, 2006 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 3,7% өсті.

Есепті кезеңде бөлшек сауда тауар айналымының көлемі (қоғамдық тамақтандыру айналымынсыз) 533,9 млрд. теңгені құрап, 2006 жылғы қаңтар-сәуірмен салыстырғанда 11,1% артты.

2007 жылдың қаңтар-сәуірінде негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың көлемі 698,1 млрд. теңгені құрады, бұл 2006 жылғы қаңтар-сәуірдегіден 8,3 есе жоғары.

2007 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша республикада 255765 заңды тұлғалар тіркелген, соның ішінде қызметкерлерінің саны 50 адамға дейінгілер - 241271. Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар - 174486. Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың ішінде шағын кәсіпорындар – 160948 құрайды, олардан шағын бизнес субъектілері - 114582.

Сыртқы сауда. 2007 жылғы қаңтар-наурызда Қазақстанның сыртқы сауда айналымы (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің деректері, ұйымдаспаған сауданы есепке алмағанда) 16523,2 млн. АҚШ долларын құрап, 2006 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда 44,9% өсті, соның ішінде экспорт –10051,7 млн. АҚШ доллары (36,6% өсті), импорт – 6471,5 млн. АҚШ доллары (60,1% өсті) болды.

Қаржы. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жедел деректері бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бюджетіне түскен табыстар көлемі 2007 жылдың 1 сәуіріне 590,1 млрд. теңгені құрады, бұл 2006 жылғы 1 сәуірдегіден 6% көп, ал шығын – 543,7 млрд. теңгені (26,4%) құрады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша екінші деңгейдегі банктердің экономика салаларына салған кредиттік салымдары 2007 жылғы 1 сәуірге 5272,4 млрд. теңгені құрады. Олардың өсуінің тұрақты серпіні байқалады. Кредиттік салымдардың жалпы көлемінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлесі 76,3%, шетел валютасындағы кредиттердің үлесі 47,9% құрады. 2007 жылғы 1 сәуірге банк жүйесіндегі депозиттер көлемі 3283,5 млрд. теңгені құрады, бұл 2006 жылғы 1 сәуірдегіден 73,2% көп, соның ішінде халық депозиттері (салымдары) 1167,6 млрд. теңге болды, бұл 2006 жылғы 1 сәуірдегіден 85,4% көп.

Халықтың табысы. 2007 жылғы наурызда, бағалау бойынша, халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы 22585 теңге құрап, 2006 жылғы наурызбен салыстырғанда – 31,5%, нақты ақшалай табысы – 22,0% өсті.

2007 жылғы наурызда қызметкерлерге есептелген орташа айлық атаулы жалақы 50910 теңгені құрап, 2006 жылғы наурызбен салыстырғанда 31,7% өсті. Нақты жалақы 22,2% көбейді.

Негізгі әлеуметтік-экономикалық индикаторлар

	Өлшем бірлігі	2007 жылғы қаңтар-сәуір	2007 жылғы сәуір	Өткен жылдық тиісті кезеңіне %- бен		2007 жылғы сәуір 2007 жылғы наурызға %-бен
				2007 жылғы қаңтар-сәуір	2007 жылғы сәуір	
А	Б	1	2	3	4	5
Экономикалық көрсеткіштер						
Жалпы ішкі өнім[1)]	млрд. теңге	2531,8		110,5		
Өнеркәсіп өнімінің (тауарлардың, қызметтердің) көлемі	млрд. теңге	2196,6	583,0	109,5	109,1	98,2
Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі	млрд. теңге	120,7	34,3	103,9	104,4	101,7
Көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау	млн. тонна	582,5	162,6	103,7	109,5	112,2
Байланыс қызметтерінің көлемі (өсу қарқыны салыстырмалы бағаларда), жедел деректер бойынша	млрд. теңге	101,3	25,4	129,7	122,7	104,0
Өткізудің барлық арналары бойынша бөлшек сауда тауар айналымы	млрд. теңге	533,9	142,0	111,1	114,5	103,0
Сыртқы сауда айналымы [1)2)]	млн. АҚШ доллары	16523,2	6018,4	144,9	136,2	127,6
соның ішінде:						
экспорт		10051,7	3698,6	136,6	128,6	136,8
импорт		6471,5	2319,8	160,1	150,4	115,3
Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар	млрд. теңге	698,1	198,0	108,3	112,0	102,4
Тұтыну бағаларының индексі				108,0	103,1[3)]	100,5
Өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағаларының индексі				105,7	101,4[3)]	106,2
Жұмыссыздар саны (бағалау)	мың адам		612,5		98,0	98,7
Орта есеппен жан басына шаққандағы ақшалай табыс (бағалау)[1)]	теңге	63650	22585	128,7[4)]	131,5[4)]	110,0
Нақты ақшалай табыс (бағалау)[1)]	%-бен			119,0[4)]	122,0[4)]	109,2
Бір қызметкердің орташа айлық жалақысы[1)]:						
атаулы	теңге	47306	50910	129,7	131,7	111,4
нақты	%-бен			120,0	122,2	110,6
Қаржы көрсеткіштері[5)]						
М3 ақша жиыны [6)]	млрд. теңге		3935,7		168,7	103,7
Айналымдағы қолма-қол ақша[6)]	млрд. теңге		652,1		149,3	106,3
Банк жүйесіндегі депозиттер[6)]	млрд. теңге		3283,5		173,2	103,2
соның ішінде халық депозиттері	млрд.теңге		1167,6		185,4	108,4
ЕДБ-ның экономика салалары мен халыққа кредит беруі[6)]	млрд. теңге		5272,4		192,9	104,9
соның ішінде ұзақ мерзімді кредиттік салымдар	млрд.теңге		4023,7		209,4	106,8

[1)] 1-баған – 2007 жылғы қаңтар-наурыз; 2-баған – 2007 жылғы наурыз; 3-баған – 2007 жылғы қаңтар-наурыз 2006 жылғы қаңтар-наурызға %-бен; 4-баған – 2007 жылғы наурыз 2006 жылғы наурызға %-бен; 5-баған – 2007 жылғы наурыз 2007 жылғы ақпанға %-бен.

[2)] Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің деректері, ұйымдаспаған сауданы есепке алмаған.

[3)] 2006 жылғы желтоқсанға.

[4)] 2006 жылғы қаңтар-наурыздағы және наурыздағы нақтыланған деректерге %-бен.

[5)] 2-баған - кезең басына; 4–баған - 01.04.2007 жыл 01.04.2006 жылға; 5-баған - 01.04.2007 жыл 01.03.2007 жылға.

[6)]ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша.

Ескерту: Өнеркәсіп өнімінің көлемі тиісті жылдардағы кәсіпорындар құрылымы бойынша келтірілген. Өткізудің барлық арналары бойынша бөлшек сауда тауар айналымы қоғамдық тамақтандыру қызметтерін есепке алмайды.

2. ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ӨНДІРІСІ

2.1 ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМ

ЖІӨ-нің нақты көлемінің индексі 2007 жылғы 1 тоқсанда өткен жылғы сәйкес кезеңіне қарағанда 110,5% құрады, бұл 2006 жылғы көрсеткіштен 3,3 пайыздық тармаққа көп, бірақ 2001 жылғы көрсеткіштен 0,9 пайыздық тармаққа аз.

2001 – 2007 жж. бірінші тоқсандағы Жалпы ішкі өнімінің нақты көлемінің индексі

өткен жылдың сәйкес тоқсанына, пайызбен



2007 жылдың 1 тоқсанында ЖІӨ-нің 10,5%-ға өсімі құрылыста - 43,4%-ға, байланыста - 32%-ға, саудада - 9,6%-ға, өнеркәсіпте - 9,4%-ға, көлікте – 5,7%-ға, ауыл шаруашылығында – 3,7%-ға тауарлар мен қызметтер өндірісінің жағымды өсу қарқынан болды.

2006-2007 жж. бірінші тоқсандағы экономикалық қызмет түрлері бойынша ЖІӨ-нің нақты көлемінің индексі

пайызбен



Қазақстанның өндірілген жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ-і) көлемі 2007 жылғы бірінші тоқсанда (жедел деректері бойынша) 2 531,8 млрд. теңге сомасында болды, бұл өткен жылғы сәйкес кезеңіне қарағанда 490,9 млрд.теңгеге көп. Жалпы қосылған құн (ЖҚҚ) ұлғаюы өнеркәсіпте - 22,2%-ға,. саудада – 25,7%-ға, құрылыста - 60,4%-ға, көлікте – 11,7%-ға, байланыста - 33,4%, ауыл шаруашылығында – 21,5%-ға байқалды.

2006-2007 жж. 1 тоқсандағы Жалпы ішкі өнімі

	Жалпы қосылған құн млрд. теңге		Дефлятор, %	
	2006 жыл	2007 жыл	2006 жыл	2007 жыл
Тауарлар өндірісі	795,2	999,1	117,4	112,0
Ауыл шаруашылығы, аңшылық және орман шаруашылығы, балық аулау, балық өсірушілік	37,7	45,8	125,2	117,2
Өнеркісіп	685,2	837,3	119,9	111,7
Құрылыс	72,3	116,0	104,6	111,9
Қызметтер өндірісі	1 154,2	1 489,0	110,0	116,1
Сауда; автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдарды және жеке пайдалану заттарын жөндеу	283,3	356,1	109,9	114,7
Көлік	174,3	194,7	106,2	105,7
Байланыс	41,1	54,8	107,9	101,1
Қаржы қызметі	64,8	143,1	92,6	143,5
Жалжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру және тұтынушыларға қызметтер көрсету	372,5	466,5	110,6	114,6
Мемлекеттік басқару	44,3	55,6	114,0	121,3
Білім беру	74,0	94,8	125,9	124,3
Денсаулық сақтау	43,9	56,3	130,6	125,8
Өзге де қызметтер	56,0	67,1	108,8	112,3
Қаржы делдалдығының жанама-өлшемді қызметтері	-58,2	-111,9	107,9	122,9
Жалпы қосылған құн	1 891,2	2 376,2	113,7	114,0
Өнімдерге салынған таза салықтар	149,7	155,6	140,6	90,2
Жалпы ішкі өнім	2 040,9	2 531,8	115,4	112,2

2007 жылғы қаңтар-наурызда ЖІӨ-нің құрылымындағы тауарлар өндірісінің үлесі - 39,5% құрады, мұндағы негізгі үлесті өнеркәсіп - 33,1% алады, оның ішінде кен өндіру өнеркәсібі - 17,6%, өңдеу өнеркәсібі - 12,9%, электр энергиясын, газ бен суды өндіру және бөлу - 2,6%.

2006-2007 жж. бірінші тоқсандағы ЖІӨ-нің құрылымы

пайызбен



1- өнеркәсіп; 2 – ауыл шаруашылығы; 3 – құрылыс; 4 – Көлік; 5 – сайланыс; 6 – сауда; 7 – басқа да салалар

ЖІӨ-нің құрылымындағы қызметтер өндірісінің үлесі 58,8%-ды құрады. Қызметтер өндірісіндегі елеулі үлесті жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру және тұтынушыларға қызметтер көрсету бойынша ЖҚҚ - 18,4%, білім беру бойынша - 3,7%, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтерді ұсыну - 2,2%, мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру - 2,2%, қаржы қызметі - 5,7%, коммуналды, әлеуметтік және дербес қызметтерді ұсыну - 1,8%, қонақ үйлер мен мейрамханалар бойынша ЖҚҚ - 0,8% құрады.

2.2 ӨНЕРКӘСІП ӨНДІРІСІ

2007 жылдың қаңтар-сәуірінде қолданыстағы бағаларда 2196,6 млрд. теңгенің өнеркәсіп өнімі өндірілді, бұл 2006 жылғы қаңтар-сәуірдегі деңгейге 109,5% құрады (тиісінше қаңтарда – 109%, қаңтар-ақпанда және қаңтар-наурызда – 109,6%). Өндіріс көлемінің өсуі республиканың барлық өңірлерінде байқалады.

Тұтастай өнеркәсіп бойынша көрсеткіштер құруға кен өндіру өнеркәсібі аса үлкен ықпал етеді, өйткені өндірудің республикалық көлеміндегі оның үлесі соңғы жылдары өсіп, 2007 жылдың қаңтар-сәуірінде 56,5% құрады (2000-2003 жылдары ол 46-48% құраған). Өңдеу өнеркәсібіне өнеркәсіп өнімінің барлық көлемінің 36%-ы келеді, 2000-2003 жылдары 47-43% болған.

2006, 2007 жылдардың қаңтар-сәуіріндегі өнеркәсіп өнімдерінің нақты көлем индекстері және өнеркәсіптің салалық құрылымы



Өнеркәсіп өнімдерінің нақты көлем индекстері

өткен жылдың тиісті айына %-бен



Кен өндіру өнеркәсібінде 2007 жылдың қаңтар-сәуірінде 1240,5 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, бұл 2006 жылдың қаңтар-сәуірінен 8,3%-ға жоғары. Ағымдағы жылдың басынан бастап салада өндіріс өсуінің тұрақты үрдісі қалыптаса бастады. Яғни, негізінен Атырау және Маңғыстау облыстары кәсіпорындарының есебінен мұнай өндіру қаңтардағы 4530 тоннадан сәуірдегі 4697 тоннаға дейін өсті. Сондай-ақ, темір кендерін өндіру көлемі агломерацияланбаған темір кендері мен теміркенді шекемтастарды өндірудің өсуі есебінен; түсті металл кендері – мыс концентраттары, құрамында алтыны бар кендер мен қорғасын-мырыш кендері есебінен өсті. Сонымен қатар, Қарағанды облысында “Балқаштүстімет” Коунрад ӨБ кенішін қайта құруға байланысты мыс кенін; Павлодар облысы кәсіпорындарының өнімге деген сұранысқа сәйкес тас көмірді өндіруі қысқарды.

Кен өндіру өнеркәсібінің нақты көлем индекстері

өткен жылдың тиісті айына %-бен



Ағымдағы жылы **өңдеу өнеркәсібіндегі** ахуал өткен жылдың тиісті кезеңдеріне қарағанда біршама жақсы қалыптасты. Сонымен бірге, саланың өсу қарқыны орташа республикалық деңгейден асып түсті. Мысалы, ағымдағы жылдың қаңтар-сәуірінде нақты көлем индексі 111,7% құрады, республикада – 109,5% болған. Салада өнімнің орташа айлық өсімі қаңтар-сәуірде 11,7% құрады, ал қаңтар-наурызда 11,3% болған еді.

Өңдеу өнеркәсібінің нақты көлем индекстері

өткен жылдың тиісті айына %-бен



2007 жылдың қаңтар-сәуірінде 166,4 млрд. теңгенің ауыл шаруашылығы өнімі өңделді, соның ішінде **тамақ өнімдерін өндіру, сусындарды қоса,** 148,7 млрд. теңгені құрады, бұл 2006 жылғы қаңтар-сәуірдегіден 8%-ға көп, негізінен шұжық өнімдері, ұн, макарон және кондитерлік өнімдерді шығаруды арттыру есебінен өсті. Сондай-ақ, алкогольсіз сусындарды өндіру өсті, олардың үлесі осы саладағы көлемнің 20%-ға жуығын құрайды. Өндірістің өсуі Алматы, Костанай облыстарының және Алматы қаласының кәсіпорындарында қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, қант өндірісі сияқты өзге де тамақ өнімдерін шығару қысқарды (2006 жылғы қаңтар-сәуірдің деңгейіне 89%). Оның үстіне осы көлемнің өзі де толық өткізілмей отыр. Мысалы, ағымдағы жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша Алматы облысындағы сақтау орындарында ағымдағы жылдың I тоқсанында ірі және орта кәсіпорындар өндірген өнімнен 2,5 есе көп қант сақтаулы. Жамбыл облысында қанттың қалдығы облыста өндірілген көлемнің 40%-дан астамын құрады.

2007 жылдың қаңтар-сәуірінде **тоқыма және тігін өнеркәсібінде** 9,5 млрд. теңгенің өнімі өндірілді. 2006 жылғы қаңтар-сәуірмен салыстырғанда нақты көлемінің индексі 87,8% құрады. Өңдеуге түсетін шикізаттың жетіспеушілігіне байланысты мақта талшығын шығару қысқарды. Қоймаларда тауарлардың өте көп жиналып қалуына және өнімге деген тапсырыстың болмауына байланысты кілем және кілем бұйымдарын, мақта-мата шығару қысқарды. Мысалы, ағымдағы жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша қоймалардағы дайын өнімнің қалдығы өндірілген кілем және кілем бұйымдарының көлемінен 2,3 есе асып түседі; ағымдағы жылдың I тоқсанында өндірілген матаның 40% қоймаларда жатыр. Сонымен қатар,

свитерлер, жемпірлер, пуловерлер және осыған ұқсас бұйымдар; қалпақтар және бас киімдер шығару өсті.

2007 жылдың қаңтар-сәуірінде 581 млн. теңгенің **былғары және былғарыдан жасалған бұйымдары мен аяққиімдері** өндірілді, бұл 2006 жылғы қаңтар-сәуірдегі деңгейден 17%-ға жоғары, ол негізінен Солтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарының кәсіпорындарында үсті былғарыдан және ірі қара малдың немесе жылқы тектес жануарлардың терісінен жасалған былғарыдан тігілген аяққиімдер шығаруды арттыру есебінен болды. Мұнымен қатар, шикізаттың жетіспеушілігіне байланысты қойдың, ешкінің және шошқаның терісінен жасалған былғары шығару қысқарды.

Сүрек өңдеу және ағаштан жасалған бұйымдар шығару көлемі 2007 жылдың қаңтар-сәуірінде 2,1 млрд. теңгені немесе 2006 жылғы қаңтар-сәуірдегі деңгейге 118,3% құрады. Ағаштан жасалған, сіңдірілген теміржол немесе трамвай шпалдарын; құрылыстың құрама ағаш конструкцияларын; ағаш ыдыстар; терезелер, есіктер және олардың рамаларын шығару артты. Сонымен бірге, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарының кәсіпорындарында ағаш талшығынан жасалған тақталар; ағаш жаңқасынан жасалған тақталар және ағаш материалдарын өндіру қысқарды.

Целлюлоза-қағаз өнеркәсібінде және баспа ісінде 2007 жылдың қаңтар-сәуірінде 18,5 млрд. теңгеге өнім өндірілді, бұл өткен жылғы қаңтар-сәуірдегі деңгейден 2,2%-ға жоғары. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда кеңірдектелген қағаз бен қатырма қағаз; қағаз қаптар мен пакеттер; кеңірдектелген қағаздан немесе қатырма қағаздан жасалған қораптар, жәшіктер және сөмкелер; аптасына төрт реттен көп және төрт реттен кем шығатын газеттер, журналдар және мерзімдік басылымдар шығару артты. Сонымен қатар, сұраныстың азаюына сәйкес Қостанай облысының және Алматы қаласының кәсіпорындарында тұсқағаз; қағаздан немесе қатырма қағаздан жасалған заттаңбалар және құлақша қағаздар; кітаптар, кітапшалар және соған ұқсас баспа материалдарын және электрондық түрдегі материалдар; дәптерлер шығару (69-90%) төмендеді. Мәселен, Қостанай облысында түсқағаздың ірі және орта кәсіпорындар өндірген көлемінің 87,8%-ы ғана өткізілді. Алматы қаласында ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында түсқағаз мүлдем дерлік шығарылмады (28 мың шаршы метр), себебі осы өнімнің қалдықтары 2099 мың шаршы метрді құрады. Нәтижесінде тұтастай республика бойынша ірі және орта кәсіпорындардың сақтау орындарында осы өнім жыл басынан бергі өндірілгенінен 1,7 есе артық жиналды.

2007 жылдың қаңтар-сәуіріндегі өңдеу өнеркәсібі қызметінің жекелеген түрлерінің нақты көлем индекстері және үлес салмағы



2007 жылдың қаңтар-сәуірінде **кокс, мұнай өнімдерін және ядролық материалдарды өндіруде** 58,5 млрд. теңгеге өнім шығарылды, бұл негізінен кокс және жартылай кокс, керосин, мотор отынын (бензин), сұйытылған пропан және бутан, газойль, көмірсутекті сұйытылған газдар өндіруді арттыру есебінен өткен жылдың тиісті кезеңінен 22,5%-ға жоғары. Өндірістің артуын Атырау, Павлодар және Оңтүстік Қазақстан облыстары қамтамасыз етті, олардың үлесіне республикалық мұнай өнімдері көлемінің 90%-ынан астамы келеді. Сонымен бірге, Атырау облысында - мұнай жеткізу көлемінің азаюына және шикізат жеткізушілердің өз мұнай өнімдері үлесін шығармауына; Павлодар облысында – өңдеуге арналған өңделме шикізатының жетіспеушілігіне; Оңтүстік Қазақстан облысында – өңделме шикізатын жеткізушілердегі өнімдерді өткізу рыногының шектелуіне байланысты жағатын мазут (72%) шығару қысқарды.

Химия өнеркәсібінде 2007 жылдың қаңтар-сәуірінде 21 млрд. теңгенің өнімі өндірілді немесе минералды немесе химиялық азотты тыңайтқыштар; фосфор; ортофосфор (фосфор) қышқылын; натрий трифосфатын; хромды ангидрид; хром тотығын; натрий бихроматын; фармацевтикалық препараттар шығаруды арттыру есебінен 2006 жылғы қаңтар-сәуірдегіден 38,5%-ға жоғары. Мұның өзінде, Ақтөбе және Шығыс Қазақстан облыстарында өнімге деген сұраныстың төмендеуі салдарынан, тиісінше хром илегіш және күкірт қышқылын шығару қысқарды. Жамбыл облысында минералдық немесе химиялық

фосфорлы тыңайтқыштар өндіру қысқарды, себебі ағымдағы жылы өндірілген көлемнің бестен бір бөлігі кәсіпорын қоймаларында сақталуда.

2007 жылдың қаңтар-сәуірінде **резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіруде** 11,7 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, бұл пластмассадан жасалған қораптар, жәшіктер, тор ыдыстар; пластмассадан жасалған құбырлар, түтіктер, жең және шлангілер; пластмассадан жасалған есіктер және терезелер; конвеерлық резеңке ленталар шығаруды арттыру есебінен өткен жылдың қаңтар-сәуіріндегі деңгейден 22%-ға жоғары. Сонымен бірге, резеңкеден жасалған құбырлар, түтіктер, жең және шлангілер шығару төмендеді (Қарағанды облысы).

Өзге де металл емес минералды өнімдер өндірісінде 2007 жылғы қаңтар-сәуірде 47,2 млрд. теңгенің өнімі шығарылды, бұл 2006 жылғы қаңтар-сәуірдегі деңгейден 27,3% жоғары, бұл негізінен тауарлық бетон; цемент; ғанышкартонын; бетоннан жасалған құрама құрылыс конструкцияларын; құрылыс ерітінділерін; әк өндіруді арттыру есебінен болды (121-142%). Мұнымен қатар, сұранысқа сәйкес фарфордан жасалған асхана және асүй ыдыстарын, шыныдан жасалған бөтелкелер, қалбырлар және шишалар шығару қысқарды.

М**еталлургия өнеркәсібінде және металдан жасалған дайын бұйымдар өндірісінде** ағымдағы жылдың басынан бері өндіріс көлемі азаюда. Сонымен, нақты көлем индексі қаңтардағы 114%-дан қаңтар-сәуірде 107,6%-ға дейін төмендеді. Ағымдағы жылдың өткен кезеңінде 369,1 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, соның ішінде қара және түсті металлургия өнімі – тиісінше 113,5 және 225,2 млрд. теңге. Сала үлесіне өңдеу өнеркәсібі көлемінің 45%-дан астамы келеді. **Қара металлургияда** болаттан жасалған құбырлар және қуыскеуекті профильдер, жайма илек, болат, шойын және ферроқорытпалар шығаруды арттыру есебінен, өндіріс 10,5%-ға өсті. **Түсті металдар өндірісінде** негізінен тазартылған мыс өндіруді арттыру есебінен нақты көлем индексі 104,6% құрады, оның үлесіне осы саланың 90%-ға жуығы келеді. Сонымен қатар, өзге де өңделмеген алтын, аффинаждалған алтын және күміс, өңделмеген қорғасын шығару қысқарды. Негізінен Шығыс Қазақстан облысының кәсіпорындары есебінен, шығаратын кендерінің құрамында металдың аз болуына байланысты.

Дайын металл бұйымдарын өндіру 2007 жылдың қаңтар-сәуірінде 2006 жылғы қаңтар-сәуірдегі деңгейге 99,2% құрады, бұл өнімге деген тапсырыстың жоқтығынан қымбат емес металдармен қапталған электродтар; орталық жылыту жүйесіне арналған радиаторлар мен қазандар шығаруды азайтуға байланысты болды. Сонымен қатар, мұнай және мұнай өнімдеріне арналған резервуарлар; сыйымдылығы 50 литрден кем цистерналар, кеспектер және барабандар; қара металдан жасалған раковиналар мен жуғыштар шығару өсті.

2007 жылдың қаңтар-сәуіріндеғі өңдеу өнеркәсібі қызметінің жекелеген түрлерінің нақты көлем индекстері және үлес салмағы



Машиналар мен жабдықтар шығаруда 2007 жылдың қаңтар-сәуірінде 22,3 млрд. теңгенің өнімі шығарылды немесе өткен жылдың тиісті кезеңінен 17,7% жоғары. 2006 жылғы қаңтар-сәуірдегі деңгейге қарағанда экскаваторлар; тұрмыстық кір жуғыш және киім құрғатқыш машиналар; мойынтіректер; мұнай кәсібіне арналған жабдықтар; орталықтан тебетін сорғылар шығару артты. Мұнымен қатар, тапсырыстың азаюына байланысты кен өндіру өнеркәсібіне арналған машиналар және мұнай-газ өңдейтін жабдықтар шығару қысқарған (Алматы қаласы). Ағымдағы жылдың басынан бері республикада ауыл және орман шаруашылығына арналған тракторлар шығару жүзеге асырылмады, себебі ағымдағы жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша қоймаларда 48 дана дайын өнім бар, бұл өнімнің осы түрінің жылдық шығарылымына сәйкес.

2007 жылдың қаңтар-сәуірінде **электр жабдықтарын, электрондық және оптикалық жабдықтар** 17,2 млрд. теңгеге өндірілген. Ағымдағы жылдың басынан бері осы сала біркелкі дамыған жоқ. Мәселен, егер қаңтарда және қаңтар-ақпанда нақты көлем индексі өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда тиісінше 106,6 және 105,3%, қаңтар-наурызда – 99,4% құраған болса, қаңтар-сәуірде - 108,6% құрады. Электр аккумуляторлар, трансформаторлар және конденсаторлар; цифрлық есептеу машиналар; электр тізбектерін ажыратуға, ауыстырып қосуға немесе қорғауға арналған, кернеулілігі 1000 В-дан көп аппаратуралар; оқшауландырылған сымдар мен кабельдер шығару өсті. Мұнымен қатар, сұранысқа сәйкес магнитофондар және теледидарлар шығару төмендеген. Сонымен, ағымдағы жылдың 1-тоқсанында 82,6% ғана теледидар, 91,6% магнитофон өткізілді. Мұның өзінде, ағымдағы жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша Алматы қаласындағы дайын өнім қоймаларында ірі және орта кәсіпорындардың 1-тоқсанда шығарған өнімінен 1,3 есе көп магнитофон болды; ал теледидар - өндірілген көлемнің 70%-ынан астамын құрады.

2007 жылдың қаңтар-сәуірінде **көлік құралдары мен жабдықтарын өндіру** 33,1 млрд. теңгені құрады, бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 14,3%-ға жоғары. 2006 жылдың қаңтар-сәуіріндегі деңгейге қарағанда жүк тасымалдайтын, арнайы және мамандандырылған, жолаушыларға арналған жеңіл автомобильдер шығару артқан. Сонымен бірге, тапсырыстың жоқтығынан автомобиль тіркемелері мен жартылай тіркемелері және қозғалтқыштар бөлшектері 2006 жылғы қаңтар-сәуірдегіден аз шығарылған.

Өнеркәсіптің өзге де салаларында 2007 жылдың қаңтар-сәуірінде 13,7 млрд. теңгенің өнімі өндірілген, бұл өткен жылдың тиісті кезеңінен 15,3%-ға жоғары. 2006 жылғы қаңтар-сәуірдегі деңгейге қарағанда қаңқасы негізінен ағаштан жасалған және қаңқасы негізінен металдан жасалған отыруға арналған жиһаз; асүйге арналған жиһаз шығару өскен. Мұның өзінде, сұранысқа сәйкес зергерлік бұйымдар; спорт тауарларын; ағаш төсектер; металдан жасалған кеңсе жиһаздарын; ағаштан жасалған асхана және қонақ күту бөлмелеріне арналған жиһаздар шығару төмендеді.

2007 жылдың қаңтар-сәуіріндегі электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлудің нақты көлем индекстері және үлес салмағы



Электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлуде жыл басынан бері өндіріс көлемі тұрақты өсіп келеді. Мәселен, ағымдағы жылдың қаңтарында нақты көлем индексі өткен жылмен салыстырғанда 97,1% құраған болса, қаңтар-сәуірде – 106,2% болды.

Электр энергиясын өндіру 2007 жылдың қаңтар-сәуірінде 27,4 млрд. кВт. сағ. құрады немесе 2006 жылдың қаңтар-сәуіріндегі деңгейден 5,8%-ға жоғары, мұны Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар облыстарының және Астана қаласының кәсіпорындары қамтамасыз етті.

Жылу энергиясын өндіру 37,9 млн. Гкал құрады немесе өткен жылғы қаңтар-сәуірмен салыстырғанда 1,9%-ға төмен, бұл сұраныстың төмендеуіне және осы саладағы кәсіпорындарда жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болды. Ақмола, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарынан және Астана қаласынан басқа барлық өңірлердің кәсіпорындарында өндіріс қысқарды.

Электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлудің нақты көлем индекстері

өткен жылдың тиісті айына %-бен



2.3 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 2007 жылдың қаңтар-сәуірінде тұтастай республика бойынша (бағалау бойынша) ағымдағы бағада 120,7 млрд. теңгені құрады, бұл 2006 жылдың тиісті кезеңіндегіден 3,9%-ға көп.



Өсімдік шаруашылығы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің алдын ала деректері бойынша жалпы егістік алқап 2007 жылы 18259,3 мың гектарды құрады, бұл өткен жылғыдан 109,8 мың гектарға немесе 0,6%-ға аз.

Көзделіп отырған егістік алқап құрылымы туралы алдын ала деректерді талдау егіншілікті дамыту саласындағы 2006-2010 жылдарға арналған АӨК-ні тұрақты дамыту тұжырымдамасында көзделген Бағдарламада қойылған 2006-2008 жылдардағы бірінші кезекті шаралардың іске асырылатындығының дәлелі. Атап айтқанда, егістік алқаптарының құрылымын оңтайландыру есебінен (Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Жамбыл облыстарында) дәнді дақылдар себілетін егістік алқап 2006 жылмен салыстырғанда 266,4 мың гектарға (1,8%-ға) қысқартылады. Сонымен, егістік алқап құрылымында бидайдың үлесі 2,3%-ға азайып, 66,4% құрайды, 2006 жылы 67,6% болған болатын, ал арпа себілетін егістік алқаптың үлесі 34,7 мың гектарға (на 2%) артып, 1816,7 мың гектарды құрайды. Сонымен қатар, арамшөптермен және дәнді дақылдардың ауруымен күресу үшін қажетті сұлының егістік алқабы 12,8%-ға кеңейтіліп, 183,5 мың гектар болады. Жарма дақылдарының алқабын 6%-ға арттыру көзделіп отыр, оның алаңы 190 мың гектарды құрайды.

Жануарларды дұрыс баланстысазықтандыруды және олардың өнімділігін арттыру және қамтамасыз ету міндеттерін шешу үшін мал азығы дақылдары себілетін алқап 205,7 мың гектарға немесе 9,1%-ға кеңейтіледі, бұл негізінен көпжылдық және дақылдық шөптерді көптеп өсіру есебінен болады. Күнбағыстың егістік алқабы, оның негізгі өсірілетін аймақтарының – Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарының егісітк алқабын азайту есебінен 98,9 мың гектарға (20,1%-ға) азаяды, бұл егістік айналымын сақтауға және топырақтың құнарлылығын қалпына келтіруге септігін тигізеді.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының егістік алқабы, мың гектар



Мал шаруашылығы

Ағымдағы жылдың 1 мамырындағы жағдай бойынша өткен жылдың тиісті күнімен салыстырғанда шаруашылықтардың барлық санаттарында төл алу және сатып алу санының өсуі есебінен ірі қара мал (3,2%), қой мен ешкі (6,0%), жылқы (5,0%), түйе (4,3%) санының өсуіне қол жеткізілді.

Ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарының саны, мың бас



2007 жылдың қаңтар-сәуірінде өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда ет өндірісінің өсуі союға өткізудің артуы және малдың тірілей орташа салмағының өсуі есебінен 103,4% құрады. Малды және құсты союға өткізу артты: ірі қара мал – 3,7%-ға, түйе – 7,2%-ға, құс – 12,6%-ға. Ірі қара мал басының тірілей орташа салмағы 1,3%-ға, қой мен ешкінің – 2,7%-ға, шошқаның – 3,2%-ға өсті.

Сиырлар санының 2,0%-ға өсуі есебінен сиыр сүтінің өндірісі 3,6%-ға өсті.

Жұмыртқа өндірісінің өсуіне (5,6%) мекиен тауықтардың орташа санының 3,4%-ға өсуі есебінен қол жеткізілді.

Мал шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру



2.4 ҚҰРЫЛЫС

Құрылыс қызметі

2007 жылғы қаңтар-сәуірде құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі, жете бағалауды ескере отырып, 232,2 млрд. теңгені құрады, бұл 2006 жылғы қаңтар-сәуірдегі деңгейден 36,8%-ға көп.

Орындалатын жұмыстардың құрылымында ғимарат тұрғызу және азаматтық құрылыстың үлесі аса көп, оның көлемі 2006 жылғы қаңтар-сәуірмен салыстырғанда 1,8 есе өсіп, жалпы көлемнің 46,1%-ын құрады (2006 жылғы қаңтар-сәуірде - 38,8%).

Республика көлемінде жеке құрылыс ұйымдары атқарған құрылыс жұмыстарының үлес салмағы қомақты – 76,3%. Шетелдік мердігерлер 23,2%-ын, мемлекеттік ұйымдар 0,5%-ын орындады.

2007 жылғы қаңтар-сәуірде 16000 үй салынды, соның ішінде тұрғын және тұрғын емес мақсаттағы үй тиісінше 14176 және 1824. Тұрғын емес үйлердің жалпы санынан 1146 көлік және байланыс, 414 - сауда, 99 - әлеуметтік-мәдениет мақсатындағы, 79 - әкімшілік, 29 - өнеркәсіп объектісі іске қосылған. Сонымен бірге, денсаулық сақтау және білім беру саласындағы іске қосылған объектілердің үлесі мардымсыз (тұрғын емес үйлердің жалпы санынан 0,9%).

Құрылыс жұмыстарының нақты көлем индекстері

алдыңғы жылдың тиісті айына %-бен



Құрылыс жұмыстары көлемінің өсуі 2006 жылғы қаңтар-сәуірмен салыстырғанда республиканың 15 өңірінде байқалды. Мұның өзінде құрылыс жұмыстарының қомақты өсуі Маңғыстау (2,2 есе), Павлодар (2,1 есе), Ақмола (1,9 есе) және Қызылорда (1,8 есе) облыстарында байқалды.

Жалпыреспубликалық құрылыс жұмыстарының көлемінде Алматы, Астана қалалары және Атырау облысы едәуір үлес алады (жалпы көлемнен барлығы 60%-ға жуық).

Құрылыс жұмыстарының өңірлер бойынша нақты көлем индекстері

алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %-бен



Тұрғын үй құрылысы

2007 жылғы қаңтар-сәуірде негізгі капиталға салынған инвестицияның жалпы көлемінен 17,6% тұрғын үй құрылысына жұмсалды (123 млрд.теңге), бұл өткен жылдың тиісті кезеңінде игерілген инвестициядан 1,6 есе көп. Меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындар мен ұйымдар және тұрғындар жалпы ауданы 2287 мың шаршы метр болатын тұрғын үйді іске қосты, бұл 2006 жылғы қаңтар-сәуірдегі деңгейден 1,6 есе жоғары.

Есепті кезең ішінде республикада орта есеппен халықтың 1000 адамына шаққандағы іске қосылатын тұрғын үйлердің жалпы ауданы 148 шаршы метрден келеді (2006жылғы қаңтар-сәуірде 96 шаршы метр).

Іске қосылған тұрғын үйлердің нақты көлем индекстері

алдыңғы жылдың тиісті айына %-бен



Іске қосылған тұрғын үйлердің едәуір үлесін жеке меншік кәсіпорындары, ұйымдары және халық тұрғызған, оның ішінде негізгі көлемін жеке меншік тұрғын үй құрылысы алады (іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы көлемінен тиісінше 94,8% және 72,7%).

Салынған тұрғын үйлердің жалпы ауданы көлемі бойынша 2006 жылғы қаңтар-сәуірдегі деңгейдің артуы республиканың барлық өңірінде байқалады. Олардан көлемнің едәуір өсуі Атырау (2,7 есе), Қызылорда (2,1 есе), Қарағанды, Ақмола (1,7 есе), Қостанай, Маңғыстау (1,6 есе) облыстарында байқалды, олардағы негізгі көлемі жеке меншік құрылысшылардың қаражаты есебінен тұрғызылған, сондай-ақ Астана (2,3 есе) және Аматы (1,6 есе) қалаларында.

Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасын іске асыру барысында 2007жылдың 1 сәуіріне жалпы ауданы 30,9 мың шаршы метр болатын коммуналдық тұрғын үйлер іске қосылды немесе бір жылда қосылу көлемінен 56,2%, жергілікті атқарушы органдарға кредит беру есебінен – тиісінше 16,8 мың шаршы метр және 1,6%.

Тұрғын үй құрылысының құны. 2007 жылғы қаңтар-сәуірде тұрғын үйлердің жалпы ауданының 1 шаршы метр құрылысының нақты орташа құны 42,1 мың теңгені құрады (2006 жылғы қаңтар-сәуірде – 36 мың теңге) немесе 11,8%-ға өсті, соның ішінде халықтың салғаны – 28,3 мың теңге (25,9 мың теңге).

2.5 КӨЛІК

2007 жылдың қаңтар-сәуірінде республикадағы **жүк айналымы** (коммерциялық тасымалдаумен айналысатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасыған жүк көлемін бағалауды есепке алғанда) 106913,7 млн. ткм құрады, бұл 2006 жылдың қаңтар-сәуіріндегі жүк айналымынан 5,0% артық. Жүк ағынының өсуіне сыртқы сауда айналымының өсуі, құрылыс көлемінің өсуі және өнеркәсіп өндірісінің өсуі де ықпал етеді.

Темір жол көлігінің жүк айналымы ағымдағы жылдың қаңтар-сәуірінде 62992,0 млн. ткм құрады, бұл 2006 жылғы қаңтар-сәуірдегіге қарағанда 7,8% жоғары, бұл транзиттік тасымалдаулардың, сондай-ақ республика ішінде ұзақ қашықтыққа тасымалдаулардың артуы есебінен болды.

Ағымдағы жылдың қаңтар-сәуірінде **автокөліктің** жүк айналымы (коммерциялық тасымалдаумен айналысатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасыған жүк көлемін бағалауды есепке алғанда) – 15216,0 млн. ткм құрады, бұл 2006 жылдың қаңтар-сәуіріндегіден 4,9% артық. Автомобиль тасымалы бұрынғысынша жүк айналымының едәуір үлесін құрайды, бұл жеке кәсіпкерлердің жанданып келе жатқан іскерлік белсенділігіне байланысты.

Магистралдық құбырдың жүк айналымы ағымдағы жылғы қаңтар-сәуірде 28683,6 млн. ткм құрады, бұл 2006 жылғы қаңтар-сәуірмен салыстырғанда 0,6% аз. Жүк айналымының жалпы көлемінен мұнай тасымалдау 13910,3 млн. ткм (Құмкөл-Атасу-Алашанькоу бағыты бойынша мұнай айдау есебінен 2006 жылдың қаңтар-сәуіріне өсуі – 7,6%), газ – 14773,3 млн. ткм (тұтынудың төмендеуі есебінен төмендеуі – 7,2%) құрады.

Әуе көлігінің жүк айналымы 2007 жылдың қаңтар-сәуірінде 21600,0 тоннаны құрады немесе 2006 жылдың қаңтар-сәуіріне 11,5%-ға өсті.

2006-2007 жылдардағы жүк айналымының серпіні

өткен жылдың тиісті айына пайызбен



Жолаушылар айналымының тұрақты өсу үрдісі бар (2007 жылдың қаңтар-сәуірінде 2006 жылдың қаңтар-сәуірімен салыстырғанда өсуі – 5,7%), бұл халық қозғалысының және сапарлар ұзақтығының артуына байланысты. 2007 жылғы қаңтар-сәуірде республика көлігінің жолаушылар айналымы 34469,3 млн. жкм құрады. 2006 жылдың қаңтар-сәуірімен салыстырғанда темір жол көлігінің жолаушылар айналымы 24,5%-ға, автобустағы жолаушылар айналымы - 1,1%-ға, таксиде – 6,1%-ға, әуе көлігінде – 31,0%-ға өсті; ал троллейбустағы жолаушылар айналымы – 9,2%-ға, трамвайда – 1,0%-ға төмендеді. Тұтастай алғанда, жолаушылар ағыны тұрақты. Бұл тасымалдауларды ұйымдастырудың жақсаруына және халықтың экономикалық белсенділігінің артуына байланысты.

Жолаушылар айналымының құрылымы



2.6 БАЙЛАНЫС

Байланыс қызметінің едәуір өсуі республикада жаңа буын телекоммуникация желілерінің құрылуына, жаңа қызмет түрлерінің – бейнетелефония, дыбыстық, мәтіндік және мультимедиялық хабарламалар жіберу қызметтерінің ұсынылуына, сондай-ақ тарифтердің едәуір төмендеуіне, тұрақты тұтынушылардың белсенділігінің артуына және жаңа тұтынушылар тартуға байланысты болды. 2007 жылдың қаңтар-сәуірінде жедел деректер бойынша республиканың байланыс кәсіпорындары 101,3 млрд. теңге сомада қызмет көрсетті, олардан халыққа көрсетілгені – 41,6 млрд. теңге, бұл 2006 жылдың қаңтар-сәуіріндегіден салыстырмалы бағада тиісінше - 29,7% және 41,3%-ға көп.

2007 жылдың қаңтар-сәуірінде байланыс қызметтерінен түскен табыстар

млн. теңге



Телекоммуникациялық рыноктың дамуына жаңа қуаттарды іске қосу, Интернеттің, жедел әрекетті байланыстың ұдайы дамуы және үлкен корпоративтік желілердің құрылуы ықпал етеді.

2007 жылғы байланыс қызметтерінің серпіні

өткен жылдың тиісті айына %-бен



2007 жылдың қаңтар-сәуірінде байланыс қызметтерінен түскен табыстар құрылымында ең көп үлесті жедел әрекетті байланыс алады - 49,7%. 2006 жылдың қаңтар-сәуірімен салыстырғанда жедел әрекетті байланыс қызметтерінің көлемі 50,8%-ға өсті.

2007 жылдың қаңтар-сәуірінде 2006 жылдың қаңтар-сәуірімен салыстырғандағы жекелеген байланыс түрлерінен түскен табыстардың үлесі

пайызбен



2007 жылдың қаңтар-сәуірінде халыққа көрсетілген байланыс қызметтерінен түскен табыстар көлемінде 48,3%-ды жедел әрекетті байланыс қызметтерінен, 26,6%-ды - қалааралық, халықаралық байланыс қызметтерінен, 13,3%-ды - жергілікті телефон байланысы қызметтерінен, 11,8% - байланыстың өзге де түрлері қызметтерінен түскен табыстар құрады. Байланыс кәсіпорындары табыстарының жалпы көлемінде халыққа байланыс қызметтерін өткізуден түскен табыстар 41,0% құрады.

2007 жылдың қаңтар-сәуірінде халыққа көрсетілген байланыс қызметтерінен түскен табыстар

млн. теңге



2.7 САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТТЕР

2007 жылдың қаңтар-сәуірінде бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 533,9 млрд. теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда (тұрақты бағаларда) 11,1%-ға өсті. 2007 жылдың сәуірінде тауар өткізу 142 млрд. теңгені құрады, бұл тұрақты бағалармен есептегенде 2006 жылдың сәуіндегі деңгейден 14,5%-ға жоғары, 2007 жылғы наурызбен салыстырғанда өсу 3% құрады.

2006-2007 жылдардың айлары бойынша бөлшек сауда тауар айналымының серпіні

өткен жылдың тиісті айына пайызбен



Қаңтар-сәуірде тұтыну тауарларын сату республика халқының жан басына шаққанда орта есеппен 34,6 мың теңгені құрады, бұл 2006 жылдың осы кезеңіндегіден 5 мың теңгеге жоғары.

2007 жылғы қаңтар-сәуірдегі өңірлер бойынша бөлшек сауда тауар айналымының нақты көлем индекстері

(өткен жылға пайызбен)



Бөлшек сауда тауар айналымы көлемінің өсуі республиканың барлық өңірлерінде байқалады. Жекелеген облыстар бойынша нақты көлем индексі орташа республикалық деңгейден асып түседі. “Астана – жаңа қала” арнайы экономикалық аймақты дамыту астананың едәуір дәрежеде бөлшек сауда тауар айналымы көлемінің 38,3%-ға өсуіне ықпал етті.

Жыл басынан бері жеке меншік нысанындағы кәсіпорындардың тауарлар өткізуінен, базарлардағы саудадан және жеке кәсіпкерлер саудасының айналымынан 518,7 млрд. теңге (97,2%), басқа мемлекеттердің, олардың заңды тұлғалары мен азаматтарынан - 15,1 млрд. теңге (2,8%) алынды. Республикадағы мемлекеттік сауданың үлесі мардымсыз.

Өткізу арналары бойынша бөлшек сауда тауар айналымының құрылымы

(жалпы көлемге %-бен)



2007 жылғы қаңтар-сәуірде бөлшек сауда тауар айналымын көп жағдайда (бөлшек сауда тауар айналымының жалпы көлемінің 74,7%) саудамен айналысатын кәсіпорындар және қызметін негізінен тұрақты сауда орындарында жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер құрады.

Бөлшек сауда тауар айналымының өсуі, ең алдымен, саудамен айналысатын кәсіпорындар тауар айналымының нақты көлемінің артуына (өткен жылдың тиісті кезеңіне 26,6%) байланысты екендігін айта кету керек. Бөлшек сауда тауар айналымының жалпы көлемінде қызмет көрсету мәдениетінің жоғары деңгейімен және сапалы тауарлардың мол түрімен қамтамасыз етілетін кәсіпорындар үлесі де (2006 жылғы қаңтар-сәуірдегі 42,6%-дан 2007 жылғы қаңтар-сәуірдегі 48,5%-ға дейін) тоқтаусыз өсуде.

Соңғы кезде тұрақты сауда желілері қызметінің дамуына сауданың қазіргі заманғы және озық нысандарын енгізу оң әсер етіп отыр.

Барлық өңірлерде дерлік сауда кәсіпорындарында ұзақ пайдаланатын тауарларды кредитке сату енгізілуде. Төлемдік электрондық кәртішкелерді пайдалану арқылы қолма-қол ақшасыз сату кең өріс алуда.

Алматы, Астана қалаларында және республиканың басқа да ірі қалаларында супермаркеттер, гипермаркеттер желісі көбеюде, оларда сатып алушылар ең қысқа мерзімде салыстырмалы түрде қолайлы бағалар бойынша қажетті тауарлардың барлық түрлерін сатып ала алады.

Тауар айналымын қалыптастыруда жеке кәсіпкерлік елеулі үлес алады, ол есепті кезеңде 26,2% дейін өсті, 2006 жылғы қаңтар-сәуірде 23,6% болған.

Көлемнің төмендеуіне қарамастан (бөлшек сауда тауар айналымының жалпы көлемінде 2006 жылғы қаңтар-сәуірдегі 33,8%-дан 2007 жылғы қаңтар-сәуірдегі 25,3%-ға дейін), республикада жеке адамдардың базарларда сауда жасауы да орын алып отыр, ондағы бағаның қолайлылығы бөлшек сауданың осы саласындағы сатып алудың айтарлықтай өтімділігін қамтамасыз етеді. Бұндай жағдай республиканың барлық өңірлерінде қалыптасқан. Алматы (40,3%) және Оңтүстік Қазақстан (38,6%) облыстарында базарлардағы сауданың үлесі әлі жоғары.

Республиканың көтерме сауда тауар айналымы ағымдағы жылдың басынан бастап 1308,8 млрд. теңгені құрады немесе 2006 жылғы тиісті кезеңнен 9,7% көп болды. Мұнда, іс жүзінде алынған тауар айналымының барлық көлемі мемлекеттік емес секторға келеді. Көтерме сауда тауар айналымында азық-түлік емес тауарлар мен өндірістік-техникалық мақсаттағы тауарлардың басым үлес алуы жалғасуда.

2007 жылғы қаңтар-сәуірде қоғамдық тамақтандыру қызметтерін көрсету көлемі 20,2 млрд. теңгені құрады немесе өткен жылдың тиісті кезеңінен 23,8% көп болды. Мұнда қоғамдық тамақтандыру қызметтерін көрсетудің жалпы көлемінің 17,7% жеке кәсіпкерлер ұсынып отыр.

Талдау жасалып отырған кезең ішінде техникалық қызмет көрсету және автомобильдерді, мотоциклдерді, тұрмыстық бұйымдар мен жеке пайдаланатын заттарды жөндеу бойынша қызмет көрсету көлемі 4,6 млрд. теңгені құрады. Бұл қызметтердің басым бөлігі (40%) шағын бизнес саласында (шағын кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлер) ұсынылып отыр.

3. ШАҒЫН БИЗНЕС МОНИТОРИНГІ

2007 жылғы 1 мамырға шағын кәсіпкерлікті жүзеге асыратын тіркелген заңды тұлғалардың саны 179,1 мың бірлікті құрады, бұл 2006 жылғы 1 мамырдағыдан 9,5% жоғары. Шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарының саны 1000 тұрғынға есептегенде, 2006 жылғы 1 мамырмен салыстырғанда 1,2 бірлікке көбейіп, 11,8 бірлікке жетті.

1000 тұрғынға шаққандағы шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарының саны бойынша өңірлерді бөлу



Шағын кәсіпкерлік субъектілері саны өсуінің негізгі критерийлері шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік және өңірлік деңгейлерде қолдау, ұйымдастыру және экономикалық тетіктерді жетілдіру шараларының жүйесі болып табылады, соның нәтижесінде кәсіпорынның қызмет көрсету аясының кеңеюі және кәсіпорынның экономикалық нығаюы байқалады.

Республиканың барлық өңірлерінде шағын кәсіпкерліктің 1000 тұрғынға шаққандағы тіркелген кәсіпорындары санының өсуі белгіленді. Тіркелген кәсіпорындар санының ең көп өсуі Астана (6,8 бірлікке) және Алматы қалаларында (5,4 бірлікке), сол сияқты Маңғыстау облысында да (2,2 бірлікке) едәуір өсіп отыр, басқа өңірлерде көрсеткіштің өсуі 0,3-тен 1,2 бірлікке дейін ауытқып отырды.

Шағын кәсіпкерліктің тіркелген кәсіпорындары санынан белсенділерінің үлесі 28,9% құрады. Белсенді кәсіпорындардың көпшілігі (35,8%) саудаға; автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдарды және жеке пайдаланатын заттарды жөндеуге маманданады. Құрылыста – 17,2% кәсіпорын, жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру және тұтынушыларға қызмет көрсетуде – 15,8%, өнеркәсіпте – 11,9% (олардың басым көпшілігі өңдеу өнеркәсібіне келеді – 10,9%) жұмыс істейді. Өңірлік бөлініс белсенді кәсіпорындардың ең көбі Алматы қаласына (26,8%), Астана қаласына (10,2%) және Оңтүстік Қазақстан облысына (9,8%) келеді.

2007 жылдың 1 мамырындағы жағдай бойынша республикада 191,3 мыңнан астам шаруа (фермер) қожалықтары тіркелген, олардан жұмыс істеп тұрғандарының саны 163,3 мың бірлікті құрады. Шаруа (фермер) қожалықтарында жұмыспен қамтылғандар саны 420,1 мың адамды құрады, бұл өткен жылдың тиісті айындағы деңгейден 3% жоғары.

2007 жылғы 1 мамырдағы есептік деректер бойынша өткен жылдың осы айымен салыстырғанда шағын кәсіпкерлік саласында жұмыспен қамтылғандар саны тұтастай республика бойынша 1,3%-ға өсіп, 568,3 мың адамды құрады.

Есепті кезеңнің басындағы жұмыспен қамтылғандар саны

мың адам



Мұның өзінде, жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы шағын бизнес кәсіпорындары қызметкерлерінің үлес салмағы 7,7%-ға дейін көтерілді. Салалық бөліністе барлық жұмыспен қамтылғандардың 27,2% саудаға; автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдарды және жеке пайдаланатын заттарды жөндеуге, 22,1% - құрылысқа және 14,5% - өнеркәсіпке жататын кәсіпорындарға келеді. Тұтастай ел бойынша шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарында жұмыспен қамтылғандар санының өскені республиканың 9 өңірінде байқалды. 2007 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарында жұмыспен қамтылғандар санының ең көп өскені өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда Маңғыстау (1,4 есеге), Жамбыл, Қызылорда (1,3 есеге) және Павлодар (16,9%-ға) облыстарында белгіленді. Республиканың қалған өңірлерінде өсу 0,5-тен – 8,6% құрады.

Шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарында жұмыспен қамтылғандар санының төмендеуі Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Ақтөбе, Алматы облыстарында, сондай-ақ Астана және Алматы қалаларында (2,3-тен – 13,6 пайыздық пунктке дейін) байқалды. Кәсіпорындарда жұмыспен қамтылғандардың орташа тізімдік санының төмендеу себебі ең алдымен, процестердің шағын кәсіпкерлікке тән серпінділігі: кәсіпорын статусының ірі немесе орта болып өзгеруі және оның жеке кәсіпкерлік аясына қайта тіркелуі болып табылады.

Қазақстан Республикасы шағын бизнес кәсіпорындарының өнім шығаруы
(өткен жылдың тиісті айына %-бен)



2007 жылғы сәуірде шағын кәсіпкерліктің заңды тұлғалары шығарған өнім есептік деректер бойынша өткен жылдың сәуіріне қарағанда 15,3%-ға өсті. Өнім шығарудың өсуі республиканың 12 өңірінде, ал аса көп өсуі Жамбыл, Маңғыстау және Қызылорда облыстарында белгіленді. Сонымен қатар, Алматы (15,3 пайыздық пунктке), Қостанай (6,5 пайыздық пунктке), Қарағанды (3,4 пайыздық пунктке) облыстарының және Алматы қаласының (4,8 пайыздық пунктке) кәсіпорындары өнім шығаруды экономиканың жекелеген салаларындағы маусымдық ауытқуларға және қызмет аясы бейінінің өзгеруіне байланысты төмендетіп алған.

4. СЫРТҚЫ САУДА

(Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің ақпараты)

4.1 СЫРТҚЫ САУДА АЙНАЛЫМЫ

Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымы кеден статистикасының деректері бойынша ұйымдаспаған сауда есебінсіз 2007 жылдың қаңтар-наурызында 16523,2 млн. АҚШ долларын құрады және өткен жылдың қаңтар-наурызымен салыстырғанда 44,9%-ға өсті, соның ішінде экспорт – 10051,7 млн. АҚШ доллары болып, 36,6%-ға өсті, импорт (тасымалдауға және сақтандыруға байланысты шығыстарды есепке алғанда) - 6471,5 млн. АҚШ долларын құрап, 60,1%-ға өсті.

Экспорттың тауарлық құрылымы

қорытындысына %-бен

Қазақстан өнімдерінің негізгі сатып алушылары Италия (17,3%), Швейцария (16,8%), Қытай (11,4%), Ресей Федерациясы (9,8%), Франция (7%), Нидерланды (5,8%), Иран (5,6%), Румыния (2,2%), Өзбекстан (2,1%), Түркия (2%), Украина (1,8%), Израиль (1,6%), Германия (1,5%) және Испания (1,4%) болып табылады.

Талданып отырған кезең ішінде экспорттың жалпы көлеміндегі ТМД елдерінің үлесі 16,1% құрады (2006 жылдың қаңтар-наурызында -12,7%).

Импорттың тауарлық құрылымы

қорытындысына %-бен



2007 жылдың қаңтар-наурызында инвестициялық тауарлар импорттың жалпы көлемінде 2938,0 млн. долларды немесе 45,4% құрады (2006 жылдың қаңтар-наурызында - 1884,2 млн. доллар немесе 46,6%).

2007 жылдың қаңтар-наурызында барлық импорттық жеткізілімдердің 43% ТМД елдерінің еншісінде болды (2006 жылдың қаңтар-наурызында - 47,1%). Импорт өнімдерінің негізгі жеткізушілері Ресей Федерациясы (импорттың жалпы көлемінің - 35,2%), Қытай (9,8%), Германия (7,7%), АҚШ (6,4%), Италия (4,9%), Украина (3,8%), Франция және Түркия (2,7%-дан), Ұлыбритания (2%), Корея Республикасы (1,6%), Өзбекстан (1,5%) және Швейцария (1,3%) болып табылады.

4.2 ТМД МЕМЛЕКЕТТЕРІМЕН СЫРТҚЫ САУДА

2007 жылдың қаңтар-наурызында ТМД елдерімен сыртқы сауда айналымы 4402,1 млн. АҚШ долларын құрады және 2006 жылдың қаңтар-наурызымен салыстырғанда 54,9%-ға өсті, соның ішінде экспорт - 1622,1 млн. доллар болып, 73%-ға өсті, импорт - 2780,0 млн. долларды құрап, 46%-ға өсті.

Жалпы тауар айналымындағы ТМД мемлекеттерінің үлесі 26,6% (2006 жылдың қаңтар-наурызында - 24,9%) құрады.

2007 жылдың қаңтар-наурызында ТМД мемлекеттеріне шығарылған экспорттың жалпы көлеміндегі минералдық өнімдердің үлес салмағы 47% (2006 жылдың қаңтар-наурызында - 42%), азық-түлік тауарлары - 13% (15%), химиялық өнімдер - 18% (19%) құрады.

2007 жылдың қаңтар-наурызында ТМД елдерінен әкелінетін импорт көлеміндегі машиналардың, жабдықтардың, көлік құралдарының, аспаптар мен аппараттардың үлесі 24% (2006 жылдың қаңтар-наурызында - 29%), минералды өнімдер - 31% (27%), металлургиялық өнімдер - 17% (15%), химиялық тауарлар - 9% (11%) құрады.

ТМД елдері минералдық, химиялық және металлургиялық өнімдердің негізгі жеткізушілері болып табылады: 2007 жылдың қаңтар-наурызында осы елдерден әкелінетін минералдық ресурстардың көрсетілген тауарлардың жалпы импортындағы үлесі 94% (2006 жылдың қаңтар-наурызында - 90%), металлургиялық өнімдер - 52% (57%), азық-түлік тауарлары - 59% (55%), химиялық тауарлар - 39% (43%) құрады.

4.3 ӘЛЕМНІҢ БАСҚА ЕЛДЕРІМЕН СЫРТҚЫ САУДА

2007 жылдың қаңтар-наурызында әлемнің басқа елдерімен сыртқы сауда айналымы 12121,1 млн. АҚШ долларын құрап, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 41,6%-ға өсті, соның ішінде экспорт - 8429,6 млн. АҚШ доллары болып, 31,3%-ға өсті, импорт - 3691,5 млн. АҚШ долларын құрап, 72,6%-ға өсті.

Әлемнің басқа елдеріне шығарылған экспорттың жалпы көлеміндегі минералды шикізаттың үлес салмағы 2007 жылдың қаңтар-наурызында 73% (2006 жылдың қаңтар-наурызында - 79%), металлургия өнеркәсібінің өнімдері - 18% (14%) құрады.

2007 жылдың қаңтар-наурызында әлемнің басқа елдерінен әкелінген импорт көлеміндегі машиналардың, жабдықтардың, көлік құралдарының, аспаптар мен аппараттардын үлесі 64% (2006 жылдың қаңтар-наурызында - 59%), азық-тулік тауарлары - 5% (6%), химия өнімдері - 11% (13%), металлургия өнеркәсібінің өнімдері - 12% (10%) құрады.

Елдің аса маңызды тауарларға қажеттілігін қамтамасыз етуде әлемнің басқа елдері үлкен роль атқарады: осы елдерден әкелінген машина жасау өнімдерінің көрсетілген тауарлардың жалпы импортындағы үлесі 2007 жылдың қаңтар-наурызында 78% (2006 жылдың қаңтар-наурызында - 69%), фармацевтикалық тауарлар - 87% (85%), киім - 83% (90%), азық -түлік тауарлары - 41% (45%) құрады.

5. ТАУАР РЫНОКТАРЫ

Ел экспортында шикізаттық емес тауарлардың үлесі әзірше мардымсыз (6,9%), ал шикізат экспортының қарқынды дамуы одан әрі жалғасуда. Қазақстан экспортының көлемінде шикізаттық тауарлардың үлесі шикізаттық емес тауарлардың үлесінен едәуір асып түседі, олардың үлес салмағы 93,1% құрайды. Есепті кезеңде шикізаттық тауарлар экспорты көлемінің өсуі 2006 жылдың осы кезеңіне қарағанда 136,7%, шикізаттық емес тауарлар 138,0% құрады.

Шикізаттық емес және шикізаттық тауарлар экспортының 2006 және 2007 жылдардың айлары бойынша үлес салмағы

пайызбен



Сол сияқты шикізаттық тауарлар экспортының жан басына шаққандағы үлесінің асып түскендігі байқалады: шикізаттық тауарлар экспорты бір тұрғынға шаққанда 223,9 АҚШ долларын, шикізаттық емес тауарлар экспорты кезінде – 15,6 АҚШ долларын құрады.

2006 және 2007 жылдардың айлары бойынша жан басына шаққандағы шикізаттық емес және шикізаттық тауарлар экспорты

АҚШ долларымен



Қазақстан Республикасы экспортының 2006 және 2007 жылдардың айлары бойынша серпіні

өткен жылдың тиісті айына % -бен



Экспорттың негізгі тауарлық топтары болып табылатындар, бұрынғысынша, минералдық өнімдер мен металлургия өнеркәсібінің өнімдері. Минералдық өнімдер экспортының өсуіне негізінен шикі мұнай мен газ конденсатын жеткізу құнының көтерілуі ықпал етіп отыр.

2007 жылғы қаңтар-наурызда республиканың экономикалық айналымына тартылған отынның негізгі табиғи түрлерінің (мұнай, газ конденсатын қоса, табиғи газ бен тас көмір) жалпы ресурстары 42,8 млн. тонна шартты отынды құрады, бұл 2006 жылғы қаңтар-наурыздағы деңгейден 2,2% жоғары. Республиканың табиғи отын ресурстарының құрамында 54,9% мұнай, газ конденсатын қоса, 33,8% - тас көмір мен лигнит, 11,3% - табиғи газ алады.

2007 жылғы қаңтар-наурызда отын-энергетикалық ресурс 22,0 млрд. кВт.с. электр энергиясын (2006 жылғы қаңтар-наурыздағыдан 7,3% көп), 23,5 млн. тонна тас көмір мен лигнитті (6,3% аз), 3,0 млн. тонна газ конденсатын (22,0% көп), 4,1 млрд. текше метр табиғи газды (19,6% аз), 15,5 млн. тонна шикі мұнайды (14,0% көп) құрады.

2007 жылғы қаңтар-наурызда табиғи газ ресурсының 54,4% өз өндірісінен және 45,6% ТМД елдерінен әкелінген импортпен қамтамасыз етілді. Табиғи газдың импортын Ресей (табиғи газ импортының жалпы көлемінің 47,6% немесе 805,2 млн. текше м), Өзбекстан (34,1% немесе 644,3 млн. текше м) және Түркіменстан (18,3% немесе 352,4 млн. текше м) жүзеге асырады.

Мұнай мен көмір ресурстары (ресурстардың жалпы көлемінен тиісінше 87,0% және 99,6%) негізінен республикада өндіру есебінен қалыптастырылды.

Республиканың мұнай рыногы әзірше шикізат экспорты бағытында. Яғни, оның ресурстарының (95,4%) көп бөлігін экспорт құрайды, республиканың ішкі рыногында 4,6% шикі мұнай өңделген. 2007 жылғы қаңтар-наурызда 14,8 млн. тонна шикі мұнай экспортқа жіберілді, соның ішінде ТМД-дан тыс елдерге - 14,5 млн. тонна жіберілді (экспорттың жалпы көлемінің 98,3%). 2007 жылғы қаңтар-наурызда өңдеуге келіп түскен шикі мұнай көлемі 0,7 млн. тоннаны құрады.

2007 жылғы қаңтар-наурыздағы шикі мұнай экспортының көлемі мен бағасы



Мұнай өнімдерінің ресурстары негізінен (ресурстардың жалпы көлемінің 76,9% - 99,1%) өз өндірісінен қалыптастырылады. Мұнай өнімдеріне деген сұраныс ішінара олардың импортымен толықтырылған. 2007 жылғы қаңтар-наурызда өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда ресурстар құрылымында импорт үлесінің: автомобиль бензині 16,6%-дан 23,1%-ға дейін, газойль - 5,3% -дан 14,8%-ға дейін артқаны байқалады.

Азық-түлік тауарлары бойынша республикадағы өндірістің (47,6%-дан 99,8%-ға дейін) олардың импортынан (0,2,% -дан 52,4%-ға дейін) басымдығы жалғасуда.

2007 жылғы қаңтар-наурыздағы жекелеген азық-түлік тауарлары бойынша ресурстарды және экспортты қалыптастырудың құрылымы

пайызбен



Азық-түлік емес тауарлар ресурстарын молықтыру, оларды республикада өндірумен қатар, басқа елдерден әкелумен де ұштасады.

Құрылыс материалдарының қазақстандық рыногының дамуы елдегі қолайлы инвестициялық климатқа байланысты болып отыр. Саладағы жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар өндірістің өсуіне қарамастан, құрылыс кешендерінің негізгі материалдарға деген қажеттіліктерін әлі толығымен қамтамасыз ете алмайды. Егер, мысалы, бор мен доломит (ресурстардың жалпы көлемінің 99,1%), саз бен каолин (98,9%), табиғи құмдар (98,5%), әктас пен ғаныш (97,7%), әк 94,9%), асбест (93,9%), цемент (74,8%) республикада өндірілсе, ал ағаш жаңқасынан дайындалған тақталар (ресурстардың жалпы көлемінің 99,9%), шыныталшық (95,5%), ағашталшықты тақталар (95,4%), полимерлер негізіндегі сырлар мен лактар (68,4%) сырттан әкелінеді.

2007 жылғы қаңтар-наурызда цементтің импорты негізінен Қытай (60,3%) мен Германия (21,6%) кәсіпорындарының жеткізілімінен құралды.

6. ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Қаржы емес активтерге инвестициялар

2007 жылғы қаңтар-сәуірде қаржы емес активтерге жұмсалған инвестициялардың бағалау көлемі (материалдық айналым қаражатының қорларын толтыратын инвестицияларсыз) 710,9 млрд. теңгені құрады, оның 98,2%-ы негізгі капиталға жұмсалған инвестицияларға келеді.

Негізгі капиталға инвестициялар

2007 жылғы қаңтар-сәуірде негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар 698,1 млрд. теңгені құрады, бұл 2006 жылғы қаңтар-сәуірмен салыстырғанда 8,3%-ға артық.

Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың жалпы көлем индекстері

өткен жылдың тиісті айына % -бен



2007 жылғы қаңтар-сәуірде инвестицияның өсуі 2006 жылдың қаңтар-сәуірімен салыстырғанда республиканың 12 өңірінде байқалды. Мұнда ең көп өсу Жамбыл, Қостанай, Батыс Қазақстан (1,8 есе), Маңғыстау, Ақмола (1,7 есе) облыстарында байқалды, бұл инвестициялардың құрылыс-монтаж жұмыстарына басым бағытталуымен байланысты.

2006 жылғы қаңтар-сәуірмен салыстырғанда инвестиция көлемінің төмендеуі Қарағанды (36,5%), Атырау (20,4%), Солтүстік Қазақстан (14,9%), Алматы (2,3%) облыстарында байқалды. Осы өңірлердегі нақты инвестициялық жобалардың аяқталуы инвестиция көлемінің төмендеуіне себеп болды.

Негізгі капиталға инвестициялар игеру қарқыны, өңірлер бойынша

өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен



2007 жылғы қаңтар-сәуірде негізгі капиталға қаражат салудың негізгі көздері шаруашылық жүргізуші субъектілердің меншікті қаражаты (65,4%) мен шетел инвестициялары (17,4%) болып табылды. Қарыз қаражаты 10,4%, бюджет қаражаты 6,8% құрады.

Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар құрылымында жеке меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдар (70,9%), сондай-ақ қызметін Қазақстан Республикасы аумағында жүзеге асыратын басқа мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің (21,8%) қаражаты басым. Мемлекеттік сектордың үлесі шамалы ғана (7,3%).

Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар көлемінде ішкі инвестициялардың үлесі басым болды (жалпы көлемнің 71,8%-ы), сыртқы инвестициялар 28,2% құрады.

Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың құрылымы, пайдалану бағыттары бойынша

пайызбен



Инвестициялық тартымдылығы бойынша инвестициялаудың басым салалары, бұрынғысынша, мұнай және табиғи газ өндіру – негізгі капиталға жұмсалатын инвестициялардың жалпы көлемінің 32,7%-ы, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар – 31,2%, өңдеу өнеркәсібі – 9,6%, көлік және байланыс– 8,7%. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда өңдеу өнеркәсібіне жұмсалған инвестициялардың шамалы өскені байқалды (0,3 пайыздық пункт).

Шетел инвестицияларының ең көп көлемі Атырау облысында игерілді (72,5%), себебі бұл экономиканың шикізаттық секторын дамытуға қаражат салатын шетел инвесторлары үшін ең тартымды өңір.

Негізгі құрал-жабдықтарды жасауға және жетілдіруге арналған жұмыстар мен шығындардың түрлеріне байланысты негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар құрамы төменде келтірілген.

Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың технологиялық құрылымы

пайызбен



Осы бөлімде негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар келтірілген. Көрсеткіштер деректерін құрудың әдіснамалық тәсілдерінің өзгешілігіне байланысты, негізгі капиталға жұмсалатын инвестициялардың төлем балансы шеңберінде қаралатын инвестиялардан айырмашылығы бар екенін айта кеткен жөн. Негізгі капиталға жұмсалатын инвестициялар төлем балансы жүйесіндегі инвестициялардың бір бөлігі болып табылады, олар негізгі қаражатта затқа айналдырылған (үйлер, ғимараттар, машиналар, жабдықтар және материалдық емес активтер). Негізгі капиталға жұмсалатын инвестицияларға елдің резиденттері мен резидент еместерінің экономиканың барлық салаларына жұмсайтын инвестициялары қосылады, яғни бұл негізгі қорларды құруға және ұдайы арттыруға жұмсалған шығындар жиынтығы. Шетел инвестициялары мынадай компоненттер бойынша келтірілген: тікелей инвестициялар, портфельдік инвестициялар, туынды қаржылық құралдар, басқа да инвестициялар және резервтегі активтер. Сонымен, Қазақстандағы шетел инвестицияларының жалпы ағыны 2006 жылы 26 млрд. АҚШ долларын құрады (доллардың орташа жылдық бағамы бойынша 126,09 теңге – 11025 млрд. теңге). 2006 жылы негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар алдын ала деректер бойынша 2810,3 млрд. теңгені құрады, соның ішінде шетел инвесторларының қаражаты есебінен – 828,1 млрд. теңге.

**ҚР Ұлттық Банкінің деректері тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі 90-күні құралады.*

7. БАҒАЛАР

7.1 ТҰТЫНУ БАҒАЛАРЫ

Ағымдағы жылғы сәуір айында **инфляция** 0,5% құрады, бұл өткен айға қарағанда 0,2 пайыздық пунктке аз. Жеміс-көкөніс және ет өнімдерінің едәуір қымбаттауы нәтижесінде азық-түлік тауарлары бағасының аса жоғары өсуі (0,7%) байқалды. Жемістер мен көкөністер бағасы бір айда 1,8%-ға өсті, бұл оларды өндіру мен өткізудің маусымдық сипатына байланысты. Ет және ет өнімдері бағасының өсуі 1,4%, нан өнімдері мен жарма өнімдері 0,7% құрады. Ішкі рыноктағы ресурстары негізінен отандық өнім есебінен қалыптастырылатын тамақ өнімдерінің бағалары өсуінің негізгі себептерінің бірі - оларды өндіруге жұмсалатын шығынның көбеюі болып қалуда.

Азық-түлік емес тауарлардың бағалары бір айда 0,5%-ға (2007 жылғы наурызда 0,4%-ға) өсті. Бағаның өсуі тауарлардың біразында тіркелді. Киім мен аяққиім 0,8%-ға, жеке гигиена тауарлары - 0,6%-ға, үйге арналған заттар, кітаптар мен газеттер - 0,5%-дан қымбаттады.

Ақылы қызмет көрсету бағаларының өсуінде ағымдағы жылдың наурызындағы 1,1%-дан сәуірдегі 0,2%-ға дейін баяулағаны байқалды, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, денсаулық сақтау, білім беру салаларындағы қызмет көрсету бағаларының қозғалысы да соған сәйкес жүріп отырды. Ағымдағы жылғы сәуірде тұрғын үй-коммуналдық қызмет бағаларының индексі 100% (ағымдағы жылғы наурызда - 101,3%) құрады. Тұрғын үйді ұстауға арналған төлем 1,8%-ға, қоқыс жинау – 1,5%-ға, газбен жабдықтау – 0,5%-ға өсті, ал электр энергиясының төлемі – 1,6%-ға төмендеді. Медициналық мекемелер көрсететін қызметтер ағымдағы жылғы сәуірде 1,5%-ға (ағымдағы жылғы наурызда – 3,4%-ға), білім беруде – 0,2%-ға (0,8%-ға), мейрамханалар мен қонақ үйлер көрсететін қызметтер – 1,4%-ға (1,8%-ға) қымбаттады.

2005-2007 жылдардағы инфляция

өткен жылдың тиісті айына пайызбен



2007 жылғы сәуірде республика бойынша жаңа тұрғын үйдің бір шаршы метрінің бағасы 141 мың теңгені құрап, 2006 жылғы сәуірмен салыстырғанда 46,9%-ға өсті, көркейтілген тұрғын үйді қайта сату бағасы, тиісінше, бір шаршы метр үшін – 118,9 мың теңге болып, 69%-ға өсті.

2006-2007 жылдардағы тұрғын үй рыногындағы бағалардың өзгеруі

өткен айға пайызбен, өсуі +, кемуі -



Баға өсуінің жемістер мен көкөністерге, бензинге, көмірге әсерін есепке алмай есептелген базалық инфляция ағымдағы жылғы сәуірде 0,5%, ағымдағы жылғы наурызда – 0,7% құрады.

Қазақстан Республикасындағы 2007 жылғы сәуірдегі инфляция

пайызбен, өсуі +, кемуі -

	2007 жылғы сәуір			2007 жылғы қаңтар-сәуір 2006 жылғы қаңтар-сәуірге
	2007 жылғы наурызға	2006 жылғы желтоқсанға	2006 жылғы сәуірге	
Инфляция	0,5	3,1	7,7	8,0
Базалық инфляция	0,5	2,8	7,1	7,2
Халықтың ақшалай табысы өте төмен топтарына арналған бағалар мен тарифтердің өзгеруі	0,5	3,5	7,8	8,3
Халықтың ақшалай табысы өте жоғары топтарына арналған бағалар мен тарифтердің өзгеруі	0,6	3,2	8,0	8,0

2007 жылғы сәуірде негізгі тамақ өнімдерін тұтынудың ең төменгі нормаларын алып есептелген орташа жан басына шаққандағы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы 2006 жылғы желтоқсанға қарағанда 5,9%-ға, өткен айға қарағанда 0,7%-ға өсіп, 8784 теңгені (тамақ өнімдері – 5270 теңге, азық-түлік емес тауарлар мен ақылы қызметтер – 3514 теңге) құрады. Оның құрылымында ет пен балық сатып алуға жұмсалған шығыстың үлесі 2007 жылғы сәуірде 19,6%, сүт, май-тоң май өнімдері мен жұмыртқа - 15,3%, жемістер мен көкөністер – 14,1%, нан өнімдері – 8,6%, қант, шай және дәмдеуіштер– 2,4% алды.

7.2 ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНДАҒЫ БАҒА

Өндірістік сипаттағы қызметтерді қоса, өнеркәсіп өнімін өндіруші-кәсіпорындардың бағасы ағымдағы жылдың сәуірінде наурызбен салыстырғанда 6,2%-ға, 2006 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда – 1,4%-ға өсті. Өндірілген өнім бір ай ішінде 6,6%-ға, ал өндірістік сипаттағы қызметтер 0,5%-ға қымбаттады. Түпкілікті мақсат бойынша сыныпталған өнімдер тобындағы өндіріс құралдарының бағасы – 0,1%-ға төмен, аралық тұтыну өнімдері – 7,4%-ға, тұтыну тауарлары - 0,4%-ға жоғары.

2007 жылы Қазақстан Республикасында өнеркәсіп-өнімін өндіруші-кәсіпорындар бағасының индексі

пайызбен, өсуі +, төмендеуі-

	2007 жылғы сәуір				2007 жылғы қаңтар-сәуір 2006 жылғы қаңтар-сәуірге
	2007 жылғы наурызға	2006 жылғы сәуірге	2006 жылғы желтоқсанға	2005 желтоқсанға	
Өндірістік сипаттағы қызметтерді қоса, өнеркәсіп өнімдері	6,2	7,6	1,4	16,1	5,7
Өндірілген өнім	6,6	7,7	1,4	16,5	5,6
Өндірістік құралдар	-0,1	6,2	2,3	11,2	7,2
Аралық тұтыну тауарлары	7,4	7,9	1,3	17,3	5,5
Тұтыну тауарлары	0,4	5,7	2,1	10,5	6,6
Өндірістік сипаттағы қызметтер	0,5	6,2	1,3	10,9	7,6

Өнеркәсіп өнімдерін өндірушілер бағасының базалық индексі (мұнай мен металл бағасының өзгеруі есебінсіз) ағымдағы жылғы сәуірде наурызбен салыстырғанда 101,9%, 2006 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 100,6% құрады.

Өткен айда бағаның өсуі кен өндіру өнеркәсібінде 8,9%, өңдеу өнеркәсібінде – 2,8%, электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлуде 0,3% байқалды. Республикада мұнай өндіру бағасы 10,6%-ға, газ конденсатын өндіру 7,1%-ға өсті, бұл осы тауарлардың әлімдік рыноктарда қымбаттауынан болды. Бағаның өсуі табиғи газ өндіруде – 1,2%, көмір өндіруде – 0,7%, ал оның төмендеуі мұнайды қайта өңдеу өнімдерін өндіруде – 1,6% байқалды. Энергия ресурстарының бағасы тұтастай алғанда бір ай ішінде 8,4%-ға өсті, бұл өнеркәсіп бағасының серпініне 5,2% оң “үлес” әкелді. Металлургия өнеркәсібінде алдыңғы айда бағаның төмендеуі байқалса, өткен айда 6%-ға өсті, бұл өнімнің осы түрлерінің жағымды сыртқы сауда конъюнктурасына байланысты. Қара металдар 7,4%-ға, түсті металдар – 5,5%-ға қымбаттады.

2006-2007 жылдардағы шикізаттық энергия ресурстарын өндіруші-кәсіпорындар бағасының индексі

өткен айға пайызбен



Тоқыма және тігін бұйымдарының бағасы импортталатын ұқсас тауарлардың бәсекесіне байланысты 0,4%-ға ғана өсті, ал былғары бұйымдары мен ағаш конструкцияларының бағасы өзгеріссіз қалды. Химия тауарлары негізгі химия өнімдері бағасының 0,5%-ға төмендеуі есебінен 0,3%-ға арзандады, ал бояу, лак, фармацевтикалық препараттар бағасының деңгейі өзгеріссіз қалды.

Республикада өндірілген азық-түлік тауарларының бағасы құс еті бағасының 4,6%-ға өсуі есебінен өткен айда 0,7%-ға, шырындар – 2,6%-ға, коньяк –2,5%-ға қымбаттады. Аграрийлердегі астық бағасының өсуі жарманың 0,9%-ға, бидай ұнының – 0,8%-ға қымбаттауына әкеп соқты. Алайда қант, шикі қант бағасының төмендеуі әсерінен 2,3%-ға қайта арзандады.

Өткен айда байқалатын өндірістік сипаттағы қызметтер тарифтерінің өсуі газеттерді басып шығаруда 2,1%, мұнай және газ өндіруде – 0,6% тіркелсе, бумен және ыстық сумен жабдықтау қызметтерінің бағасы бұрынғысынша қалды.

Технологиялық процесс үшін өнеркәсіп кәсіпорындары сатып алған өндіріс ресурстары бағасының индексі ағымдағы жылғы сәуірде наурызбен салыстырғанда 100,4%, 2006 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда – 100% құрады. Республикада сатып алынған шикізат пен материалдар бағасы өткен айда 0,5%-ға, жақын шетелде – 0,3%-ға өсті, ал алыс шетелде – 0,8%-ға төмендеді.

Республикадан шығарылған тауарлардың бағасы ағымдағы жылғы наурызда ақпанмен салыстырғанда 4,4%-ға, 2006 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда - 5%-ға төмендеді. Алыс шетелге шығарылған өнім бір ай ішінде 5,7%-ға арзандаса, жақын шетелде – 2,7%-ға қымбаттады. Өңдеу сатылары бойынша сыныпталған экспорттық өнім топтарындағы шикізаттардың бағасы 6,5%-ға төмендесе, жартылай дайын өнімдер бағасы – 0,7%-ға, дайын тауарлар бағасы – 2,9%-ға өсті. Экспорттық жеткізілімдер бағасының едәуір төмендеуі мұнайға – 8,1% және мырышқа – 16,2% тіркелді, бұл осы тауарлардың сыртқы рыноктарда арзандауына байланысты болды. Қара металдар илегі, керісінше, 9,5%-ға, қымбат металдар – 3,9%-ға, ферроқорытпалар – 2,7%-ға қымбаттады. Шетелге шығарылатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің ішінде бағаның төмендеуі жүнге 13,2%, мақтаға – 2,7% және астыққа – 0,7% байқалса, былғары шикізаты бағасының өсуі 4% байқалды.

Қазақстанға әкелінген өнімдер бағасының индексі, ағымдағы жылғы наурызда ақпанмен салыстырғанда 100,1%, 2006 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 98,4%, Достастық мемлекеттері ішінде – тиісінше 99,5% және 97,8%, әлемнің қалған елдері ішінде 100,9% және 99,2% құрады. Импортталатын қағаздың бағасы бір ай ішінде 5,7%-ға, тоқыма және тігін бұйымдарының бағасы – 5,4%-ға, құрылыс материалдарының бағасы – 5%-ға, сүрек бағасы – 4,5%-ға өсті. Шикі мақтаның бағасы бұрынғысынша төмендеуде – 20%-ға, кофенің бағасы – 9,9%-ға, шайдың бағасы – 2,8%-ға, бұл әлемдік рыноктардағы бағаның ұқсас қозғалысынан болды.

Ағымдағы жылғы сәуірде **ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу бағасы** өткен аймен салыстырғанда 4,1%-ға өсті, бұл 2006 жылдың тиісті кезеңіндегіден 3,6 пайыздық пунктке көп. Бұл өсімдік шаруашылығы өнімдері бағасының қарқынды өсуіне байланысты болды. Ағымдағы жылдың қаңтар-сәуірінде өсімдік шаруашылығы өнімдерінің бағасы 4,9%-ға өсті, өткен жылғы осы кезеңде 0,1% болған, мал шаруашылығы өнімдерінің бағасы – тиісінше, 3,1% және 1%.

Ауыл шаруашылығы өнімдері бағасының өзгеруі

пайызбен, өсуі +, төмендеуі-

	2007 жылғы сәуір				2007 жылғы қаңтар-сәуір 2006 жылғы қаңтар-сәуірге
	2007 жылғы наурызға	2006 жылғы сәуірге	2006 жылғы желтоқсанға	2005 желтоқсанға	
Ауыл шаруашылығы өнімдері	0,5	13,4	4,1	14,0	12,3
Өсімдік шаруашылығы өнімдері	0,9	15,5	4,9	15,7	14,8
Мал шаруашылығы өнімдері	0,0	10,7	3,1	11,7	9,0

Дәнді дақылдар рыногындағы баға жағдайы бидай бағасының наурыздағы 0,3%-дан сәуірде 0,9%-ға дейінгі өсу қарқынымен сипатталды. Бұл жаңа астық маусымы қарсаңындағы астық қорының азаюына байланысты. Басқа дәнді дақылдар бағасының өсуі аса қарқынды болған жоқ: жүгері 0,4%-ға (ағымдағы жылдың наурызында – 0,7%), күріш - 1%-ға (1,2%) қымбаттады, ал қара бидай мен сұлының бағасы өзгеріссіз қалды.

Ағымдағы жылдың сәуірінде көкөніс өнімдерінің бағасы аса төмен қарқынмен өсті, өткен айдағы 1,9%-ға қарағанда 0,9%, алайда бағаның едәуір өсуі көшетжайда өсірілген қызанаққа (36,2%) және қиярға (18,5%) байқалды. Мал шаруашылығы өнімдері ішінен мал және құс еті 0,9%-ға қымбаттады, ал жұмыртқаның бағасы 2,1%-ға, сүттің бағасы – 1,4%-ға маусымдық төмендеді.

2006-2007 жылдардағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлері бағасының өзгеруі

өткен жылдың тиісті айына пайызбен, өсуі+, төмендеуі-



Ағымдағы жылғы сәуірде **құрылыстағы бағаның индексі** наурызбен салыстырғанда 0,7%, 2006 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 1,9% құрады. Экономикалық қызметтің осы түріндегі бағаның өсуі технологиялық жабдық бағасының бір ай ішінде 0,9%-ға (жыл басынан бері – 2,5%), құрылыс-монтаж жұмыстары бағасының 0,7%-ға (1,9%) өсуіне ықпал етті.

2006-2007 жылдары құрылыстағы бағаның индексі

өткен жылдың желтоқсанына пайызбен, өсуі+, төмендеуі-



Құрылыс-монтаж жұмыстарының қымбаттауы құрылыс ұйымдары сатып алатын құрылыс материалдары, бөлшектері мен конструкциялары бағасының қозғалысымен анықталды. Ағымдағы жылғы сәуірде олардың бағасының орташа өсімі 0,5% құрады. Бағаның ең көп өсуі жертөле қабырғасының бетон блоктарына 2,3%, ал ең көп төмендеуі шойын құбырларға – 1,6% байқалды.

Ағымдағы жылғы сәуірде **барлық көлік түрлерімен жүк тасымалдау тарифтерінің индексі** 2006 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 99,0%, өткен аймен салыстырғанда 99,9% құрады. Жүк тарифтерінің теріс серпіні құбыр көлігіндегі бағаның төмендеуіне байланысты болды. Ағымдағы жылғы сәуірде наурызбен салыстырғанда 0,2%-ға, өткен жылдың желтоқсанымен салыстырғанда – 1,2%-ға төмендеді. Мұнай айдау бір ай ішінде 0,4%-ға арзандады, ал газ тасымалдау тарифтері өзгеріссіз қалды.

Ағымдағы жылғы сәуірде автомобильдермен жүк жеткізу 0,1%-ға қымбаттады, бұл өткен айдағыға қарағанда 0,2 пайыздық пунктке төмен. Тарифтердің өсу қарқынының баяулауы республика ішіндегі автотасымал тарифтерінің 0,1%-ға арзандауының әсерінен болды. Ағымдағы жылғы сәуірде темір жол, әуе және өзен көлігі түрлерімен жүк жеткізу тарифтері өткен айдағы деңгейде қалды.

8. ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ

8.1 МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бюджетінің орындалуы

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті. ҚР Қаржы министрлігінің жедел деректері бойынша 2007 жылдың 1 сәуіріне мемлекеттік бюджет табысы 590,1 млрд. теңгені немесе орындалатын бюджетке қатысты 23,8% құрады. Шығындар 543,7 млрд. теңге сомада өндірілді және ол бойынша орындау – 21,9% құрады. 2006 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда табыс 6%-ға, ал шығындар 26,4%-ға өсті. 2007 жылдың 1 сәуіріне бюджет тапшылығы 84,7 млрд. теңге деңгейде анықталды.

2006-2007 жылдардың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша мемлекеттік бюджет табысы

млрд.теңге



Салық түсімдері құрылымында негізгі үлес корпоративтік табыс салығына – 36,4%, қосылған құн салығына – 22,9% және әлеуметтік салыққа 12,5% келеді.

Әлеуметтік көмекке және әлеуметтік қамсыздандыруға 145,1 млрд. теңге (орындалатын бюджетке 28,8%), жалпы мемлекеттік қызмет көрсетуге – 113,8 млрд. теңге (20,6%), білім беруге – 95,7 млрд. теңге (22,7%) және денсаулық сақтауға – 59 млрд. теңге (20,2%) жұмсалды.

2006-2007 жылдардың 1 сәуіріндегі мемлекеттік бюджет шығындарының құрылымы

пайызбен

01.04.2006ж. 01.04.2007ж.



2007 жылғы 1 сәуірде Республикалық бюджетке түскен табыс 456 млрд. теңгені құрады, бұл өткен жылдың тиісті кезеңіндегі деңгейден 0,2%-ға төмен, шығындар 24,5%-ға өсіп, 471,7 млрд. теңгені құрады. Бюджет тапшылығы 143,7 млрд. теңге деңгейде анықталды.

Республикалық бюджет табысының 75,6%-ын салықтар, 7,3%-ын - салықтан тыс түсімдер, 16,1%-ын трансферттер түсімі, 1%-ын негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер құрады.

Республикалық бюджет шығындарының негізгі бөлігі әлеуметтік көмекке және әлеуметтік қамсыздандыруға – 29,1%, жалпы мемлекеттік қызмет көрсетуге – 20,3%, көлік және коммуникацияға – 9,9%, білім беруге – 6,6% және денсаулық сақтауға – 3,9% келеді.

Жергілікті бюджетке түскен табыс 317,6 млрд. теңгені құрады, бұл 2006 жылдың тиісті кезеңіндегіден 31,6%-ға артық, шығындар – 31,9%-ға өсіп, 254,6 млрд. теңгені құрады. Бюджет профициті 56,9 млрд. теңге деңгейде анықталды.

8.2 АҚША-КРЕДИТ ЖҮЙЕСІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша 2007 жылғы наурыздың соңында ақша жиыны (М3) 3935,7 млрд. теңгені құрап, бір айда 3,7%-ға өсті, соның ішінде айналыстағы қолма-қол ақша (М0) – 652,1 млрд. теңге (6,3%) болды.

Ақша жиынының көлеміндегі қолма-қол ақшаның үлесі 16,6% құрап, өткен аймен салыстырғанда 6,3%-ға көбейді.

Қазақстан Республикасындағы 2006-2007 жылдардағы ақша жиынының серпіні

млрд. теңге, кезең соңына



Депозиттік ұйымдардағы депозиттер (резидент еместердің шоттарын есепке алмағанда) 3283,5 млрд. теңгені, соның ішінде ұлттық валютада - 2327,7 млрд. теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 73,2%-ға өсті.

Депозиттер көлемінде 35,6%-ды немесе 1167,6 млрд. теңгені халық салымдары алып отыр, олар өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 85,4%-ға өсті. Халық депозиттері (салымдары) 2007 жылғы наурыздың соңында өткен аймен салыстырғанда (1077,4 млрд. теңге) 8,4%-ға, одан ұлттық валютада 10,4%-ға өсті. Халық депозиттерінің көлемінде ең көп үлес ұлттық валютадағы салымдарға – 72,9% (851,4 млрд. теңге) келеді.

Екінші деңгейдегі банктердің экономика саласындағы кредит салымдары 2007 жылғы наурыздың соңында 5272,4 млрд. теңгені құрады (2006 жылғы наурыздың соңында – 2733,2 млрд. теңге), мұның 47,9% (2523,1 млрд. теңге) шетел валютасындағы кредиттер болып отыр. Кредиттер өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 92,9%-ға, өткен аймен салыстырғанда 4,9%-ға өсті. Кредиттердің жалпы көлемінің ең көп үлесі саудада – 23,5%, құрылыста – 14,6%, өнеркәсіпте – 10,1%, ауыл шаруашылығында – 4,6% шоғырланған.

Екінші деңгейдегі банктер кредиттерінің 2006-2007 жылдардағы құрылымы (наурыздың соңына)



Кредит салымдарының көлемінде ұзақ мерзімді несиелердің үлесі – 76,3%-ды немесе 4023,7 млрд. теңгені құрады және өткен жылдың қаралып отырған кезеңімен салыстырғанда 2 есеге, ал өткен аймен салыстырғанда 6,8%-ға өсті.

2007 жылғы наурыздың соңында екінші деңгейдегі банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берген кредиттері өңірлік бөліністе кредиттік салымдардың жалпы сомасынан 19,3% (1015,8 млрд. теңге) құрайды және өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 12,7 есе өсті. Олардың негізгі үлесі Алматы қаласында – 52,4% (532,6 млрд. теңге), Астана қаласында – 7,9% (80,5 млрд. теңге) және Қарағанды облысында – 6,1% (61,8 млрд. теңге) шоғырланған, олардың сомасы өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда тиісінше 15,4, 10,2 және 10,4 есеге өсті.

2007 жылғы наурыздың соңында кредит беру объектілеріне ақша қаражатын бөлу кезінде айналым қаражаттарын сатып алуға 1664,2 млрд. теңге, негізгі қорларды сатып алуға 549 млрд. теңге, азаматтарға тұрғын үй салуы және сатып алуы үшін 615,3 млрд. теңге бөлінді, бұл кредит салымдарының жалпы көлемінің тиісінше 31,6%, 10,4%, 11,7% құрайды.

ҚР Ұлттық Банкінің 2007 жылғы 1 сәуірге валюта айырбастау орындарының шетел валютасын сатуы/сатып алуы туралы деректері бойынша жеке тұлғаларға сату көлемі сатып алу көлемінен: еуро – 3,8 есе, АҚШ доллары – 2,4 есе, ресей рублі – 57,6% асып түседі.

2007 жылғы наурыздың соңында жеке тұлғаларға шетел валютасын сату көлемі 2007 жылдың ақпанымен салыстырғанда еуро – 25,1%-ға және АҚШ доллары – 2,6%-ға өсті, ал ресей рублі – 0,3%-ға төмендеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруының ресми ставкасы 2006 жылдың 1 шілдесінен бастап 0,5 пайыздық пунктке өсіп, жылдық деңгейде 9% болып белгіленді.

2007 жылғы наурызда мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясының көлемі атаулы құны бойынша ҚР Ұлттық Банкінің ноттары бойынша 837,5 млрд. теңге сомасында белгіленді, тиімді жылдық табыстылығы - 5,37%, ҚҰБ ноттары бойынша орташа өлшемді дисконтталған баға – 98,77% құрайды.

9. ЕҢБЕК РЫНОГЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕККЕ АҚЫ ТӨЛЕУ

9.1 ЖАЛДАНЫП ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ

2007 жылдың сәуірінде (бағалау бойынша) жалдамалы қызметкерлер саны 4,8 млн. адамды құрады, бұл өткен жылғы тиісті айдағыдан 134 мың адамға (2,9%-ға) көп. Олардың санынан мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда 81,3%-ы, жеке тұлғаларда 11,9%-ы, шаруа (фермер) қожалықтарында 6,8%-ы жұмыс істеді.

2006-2007 жылдардағы жалдамалы қызметкерлер

	2006				2007ж.
	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	I тоқсан
Жалдамалы қызметкерлер саны, мың адам	4719,4	4772,8	4802,8	4811,6	4896,2
Жұмыспен қамтылған халық үлесі, %	64,7	64,3	64,2	64,9	65,4

2007 жылдың бірінші тоқсанында ірі және орта кәсіпорындарда 2,8 млн. адам жұмыс істеді немесе жалдамалы қызметкерлердің жалпы санының 57,1%-ы. Бұл өткен жылдың тиісті тоқсанына қарағанда 158,8 мың адамға (6%-ға) көп.

2007 жылдың қаңтар-наурызында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда құрылыста жұмыс істейтіндер саны 41,1 мың адамға (22,6%), білім беруде – 24,1 мың адамға (4,5%), өнеркәсіпте 22,8 мың адамға (3,3%), саудада 20,1 мың адамға (27,1%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларды жүзеге асыру саласында 18,4 мың адамға (11,6%), қаржы саласында 14,6 мың адамға (33,5%), денсаулық сақтау саласында – 11,5 мың адамға (4,7%) өсті.

2007 жылғы наурыздың соңында ірі және орта кәсіпорындарда 22,2 мың бос жұмыс орны болды (тізімдік санға 0,8%), бұл өткен жылға қарағанда 771 бірлікке (3,4%-ға) аз. Ең көп бос жұмыс орны саны мемлекеттік басқару ұйымдарында – 5810 бірлік (олардың жалпы санынан 26,2%), сондай-ақ өнеркәсіп кәсіпорындарында – 5067 бірлік (22,9%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларды жүзеге асыру саласында – 2708 бірлік (12,2%), қаржы қызметінде - 2150 бірлік (9,7%) құрады.

Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында ірі және орта кәсіпорындарда 246,9 мың адам жұмысқа қабылданды немесе қызметкерлер санынан 8,8%, олардан 11,5 мың адам немесе 4,7% - қайта құрылған жұмыс орындарына алынды. Түрлі себептерге байланысты 215,1 мың адам, соның ішінде тұрақтамаушылық себептері бойынша – 173,2 мың адам (80,5%) жұмыстан шықты. Тұрақтамаушылық коэффициенті 6,2% құрады.

2006-2007 жылдардағы қызметкерлер санының қозғалысы



Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында өнеркәсіп кәсіпорындарына 63 мың адам жұмысқа орналасты, олардан қайта құрылған жұмыс орындарына – 2,8 мың адам (жұмысқа қабылданғандар санынан 4,5%), құрылыста – тиісінше, 48 мың және 3,2 мың адам (6,7%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар саласында – 22,2 мың және 1,5 мың адам (6,6%), білім беру саласында – 21,1 мың және 0,7 мың адам (3,1%), көлік және байланыста –19,4 мың және 0,8 мың адам (4,3%).

Жұмыстан шыққан қызметкерлердің үлесі өнеркәсіпте олардың жалпы санынан 28,7%, құрылыста – 16,7%, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар саласында – 9,3%, көлік және байланыста - 8,4%, білім беру саласында – 7% құрады.

9.2 ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

2007 жылдың сәуірінде (бағалау бойынша) 15 және одан жоғары жастағы экономикалық тұрғыдан белсенді халық саны 8 млн. адамды, экономикада жұмыс істейтіндер саны – 7,4 млн. адамды (ал жұмыссыздар (табысты жұмысы болмаған, оны белсенді іздеген және оған кірісуге дайын болған адамдар) – 612,5 мың адамды құрады. Жұмыссыздық деңгейі 7,6%.

2007 жылдың бірінші тоқсанында республика экономикасында 7,5 млн. адам жұмыспен қамтылды немесе 15 және одан жоғары жастағы халық санынан 64,1%. Бұл 2006 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда 202,0 мың адамға немесе 2,8%-ға көп. Жұмыспен қамтылған халық ішінде қалалық жерде 4 млн. адам еңбек етті немесе 51,9%, ауылдық жерде – тиісінше, 3,6 млн. адам немесе 48,1%. Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 51,6%-ын ерлер, 48,4%-ын - әйелдер құрайды.

Жұмыспен қамтылған халық құрылымында жалдамалы қызметкерлердің саны 4,9 млн. адамға (барлық жұмыспен қамтылғандардан 65,4%), өз бетінше жұмыспен қамтылғандар – 2,6 млн. адамға (34,6%) жетті. Жалдамалы қызметкерлердің көп бөлігі қалалық жерде – олардың жалпы санының 64,9%-ы (3,2 млн. адам). Ауылда жұмыспен қамтылғандар ішінен өз бетінше жұмыспен қамтылған қызметкерлер – 52,2% (1,9 млн. адам) құрайды.

2006-2007 жылдардағы жалдамалы және өз бетінше жұмыспен қамтылған қызметкерлер саны



2007 жылдың бірінші тоқсанында жұмыссыздар саны 624 мың адамды құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 28,6 мың адамға немесе 4,4%-ға азайды. Жұмыссыздық деңгейі 7,7% болды (2006ж. бірінші тоқсанда – 8,2%). Жұмыссыздардың жалпы санынан қалалық жерде – 365,5 мың адам (жұмыссыздық деңгейі 8,6%), ауылдық жерде – 258,5 мың адам (6,7%) тіркелді.

Жұмыссыздардың жалпы санында жұмыссыз әйелдердің саны басым болып сақталуда – 368,3 мың адам немесе 59%. Бұл жұмыссыз ерлерге қарағанда 112,6 мың адамға (44%-ға) көп. Жас құрылымы бойынша жұмыссыздар арасында ең көп үлесті 25-39 жастағылар алды – 42,6% (265,8 мың адам), ал 40-54 жастағылар – 27,6% (172,4 мың адам), 15-24 жастағы жастар – 24.3% (151,6 мың адам) алды. Жастар жұмыссыздығының деңгейі 11% болды (2006ж. бірінші тоқсанда – 14,7%). Жұмыссыздар ішінен жоғары білімі барлары – олардың жалпы санынан 18,8%, орта кәсіптік (арнайы) білімі барлары – 24,7%, бастауыш кәсіптік білімі барлары – 11,8%, жалпы орта білімі барлары – 37,8% болды.

Бір жылдан астам уақыт бойы жұмыссыз болған адамдар санының азаюы байқалды: бірінші тоқсанда олар 170,9 мың адамды немесе олардың жалпы санынан 28,8% құрады (2006ж. бірінші тоқсанда – 33,8%). Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі 3,5% болды, бұл өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 0,8 пайыздық пунктке төмен.

2007 жылдың сәуірінің соңында жұмыссыздар ретінде тіркелген адамдар саны (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықтың әлеуметтік қорғау деректері бойынша) 81,7 мың адамды құрады, бұл өткен жылдың тиісті кезеңіндегіден 31,7 мың адамға немесе 27,9%-ға аз. Тіркелген жұмыссыздар санының жартысынан астамы (55,8 мың адам) - әйелдер, 51,3%-ы – ауыл тұрғындары (42 мың адам). Экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы тіркелген жұмыссыздардың үлесі 1,0% болды (2006 жылғы сәуірде – 1,4%).

9.3 ЕҢБЕККЕ АҚЫ ТӨЛЕУ

2007 жылдың наурызында бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы 50910 теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 31,7%-ға, нақты көрінісінде – 22,2%-ға, қаңтар-наурызда – тиісінше, 47306 теңге, 29,7%-ға және 20%-ға өсті.

2006-2007 жылдары Қазақстан Республикасындағы еңбекақы



Жалдамалы қызметкерлердің еңбекақысының көбеюі экономикалық қызметтің барлық түрлерінде байқалды.

Еңбекақының жоғары деңгейі қаржы саласында сақталды, мұндағы бір қызметкердің орташа жалақысы 2007 жылдың наурызында 112 мың теңгеден асты немесе ел бойынша орташа жалақыдан 2,5 есе жоғары. Кен өндіру өнеркәсібінде - тиісінше, 91 мың теңге немесе 1,8 есе, жылжымайтын мүлікпен операцияларды жүзеге асыру саласында – 77 мың теңге немесе 1,5 есе, көлік және байланыста – 72 мың теңге және 1,4 есе. Білім берудегі еңбекақы 31681 теңге болып қалыптасты, бұл республика бойынша орташа жалақыдан 38% төмен, денсаулық сақтауда – тиісінше, 32326 теңге және 36,5%. Ең төменгі жалақы ауыл шаруашылығы қызметкерлерінде – 18661 теңге немесе ел бойынша орташа көрсеткіштен 0,3%.

2003-2007 жылдардың наурызында қызметкерлердің орташа айлық атаулы жалақысы, экономика секторлары бойынша

теңге

	2003	2004	2005	2006	2007
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	7487	9862	11378	15141	18700
Өнеркәсіп және құрылыс	28967	34136	40027	47684	60194
Қызмет көрсету саласы	20668	25973	28512	35997	48356

Өнеркәсіптегі еңбекақы 2007 жылдың I тоқсанында 54270 теңгені құрап, 2006 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 24%-ға өсті. Өнеркәсіп салалары ішінде ең жоғары жалақы алатын шикі мұнай және табиғи газ өндірумен айналысатын қызметкерлер, мұндағы жалақы 131 мың теңгеден асты (сала бойынша орташа жалақыдан 2,4 есе көп), темекі өндірісінде – 155 мың теңге (2,8 есе).

Жалақыдағы алшақтық, бұрынғысынша, гендерлік белгісі бойынша сақталды. 2007 жылдың қаңтар-наурызында ерлердің орташа жалақысы 55939 теңгені құрады немесе әйелдердің жалақысынан (37809 теңге) 1,5 есе жоғары. Мейрамхана-қонақ үй бизнесіндегі бұл алшақтық 1,8 есені, қаржы қызметінде – 1,7 есені, өнеркәсіпте – 1,5 есені, мемлекеттік басқаруда – 1,3 есені құрады.

2006 жылдың қаңтар-наурызында ерлер мен әйелдердің экономиканың жекелеген түрлері бойынша жалақысы

теңге



10. ХАЛЫҚ ТАБЫСЫ

Ақшалай табыс

2007 жылғы наурызда халықтың жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыс (бағалау бойынша) 22585 теңгені құрады, бұл 2006 жылғы наурызбен салыстырғанда 31,5%-ға жоғары, нақты ақшалай табыс көрсетілген кезеңде 22,0%-ға өсті.

2006 жылы еңбек қызметінен түскен табыс үлесі халықтың ақшалай табысының жалпы салмағында 79,7% құрады (2005 жылы 76,9%-ға аз). Әсіресе, Маңғыстау мен Атырау облыстарындағы үй шаруашылықтарының еңбек қызметінен түскен табыстары едәуір – тиісінше, 90,4% және 87,2%.

Тұтынуға жұмсалған табыстары ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халық үлесі 2006 жылы өткен жылмен салыстырғанда 18,2%-ға дейін төмендеген (2005 жылы ол 31,6% құраған), ал азық-түлік қоржынының құнына қатысты - 2,7%-ға дейін (5,2%). Қалалық жердегі кедей халықтың үлесі өткен жылмен салыстырғанда 20,2%-дан 13,6%-ға дейін ауылдық жерде - 45,6%-дан 24,4%-ға төмендеген. Кедейлік бұрынғыдай ауылдық жерде көбірек таралған, бұл қала және ауыл халқы табыстарының деңгейіндегі айырмашылық салдары болып табылады.

2007 жылғы наурыздағы халықтың атаулы және нақты ақшалай табысы (бағалау)

(өткен жылдың тиісті айына пайызбен)



11. ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА

11.1 ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛ

Ағымдағы жылдың 1 сәуіріне еліміздегі халық саны жедел деректер бойынша 15437607 адамды құрады, соның ішінде қалалық - 8148566 (52,8%), ауылдық - 7289041 адам (47,2%). Жыл басымен салыстырғанда ол 40729 адамға өсті.

Осы кезең ішінде халық санының көбеюі Қостанай, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарынан басқа барлық өңірлерде байқалды. Халық санының ең жоғары өсімі Оңтүстік Қазақстан облысы мен Алматы қаласында - тиісінше 12518 және 9029 адам, ал оның ең көп азаюы - Солтүстік Қазақстан облысында - минус 1509 адам.

Ағымдағы жылдың қаңтар-наурызында республика халқының табиғи өсімі 34772 адамды құрады (29714 адам - осы жерде және бұдан әрі жақшаларда өткен жылдың тиісті кезеңіндегі көрсеткіштер келтірілген). Екі облыста - Қостанай және Солтүстік Қазақстан - өлгендердің саны туғандардың санынан асты. Ағымдағы жылдың 1 сәуіріне табиғи өсімнің жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға 9,6 (8,2) адамды құрады.

Халықтың табиғи қозғалысы

адам



Ағымдағы жылдың қаңтар-наурызында АХАЖ органдары 77803 (70169) тууды тіркеді. Туу қалалық елді-мекендерде және ауылдық жерде өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 11,5% және 10,1% өсті және тиісінше 42034 және 35769 тууды құрады. Осы кезеңде 40108 ұл және 37695 қыз бала туған, немесе 100 қыз балаға 106 ұл бала. 2006 жылдың қаңтар-наурызымен салыстырғанда ұлдар 11,1% артық туылған, қыздар - 10,6%. Туудың жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға 20 (18,4) туғандарды құрады.

Ағымдағы жылдың 1 тоқсанында өлгендер саны 43031 (40455) адамды құрады, соның ішінде қалалық елді мекендерде - 25069 (23789) және ауылдық жерлерде - 17962 (16666). Осы кезең ішінде 23970 еркек және 19061 әйел өлген, немесе 1000 әйелге 1258 еркек. Өлгендердің жалпы санында еңбекке қабілетті жастағы адамдар үлесі 40,2% құрады. Еңбекке қабілетті жастағы еркектер өлімі осы жас санатындағы әйелдер өлімінен 2,9 есе артық. Өлімнің жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға 10,4 (10,2) өлгендерді құрады.

Өлімнің негізгі себептері қан айналымы жүйесі аурулары болып табылады, олардың үлесіне барлық тіркелген өлім оқиғаларының 54,2% (53,5%) тиесілі. Жол-көлік оқиғаларынан, өлтіруден және өзінөзі өлтіруден өлгендер саны тиісінше 820 (688), 525 (525) және 973 (937) адамды құрады немесе жазатайым оқиғалардан, улану мен жарақаттанудан өлгендердің жалпы санынан 15,1% (12,7%), 9,6% (9,7%) және 17,9% (17,3%).

Осы кезең ішінде елімізде 1 жасқа дейінгі 1142 (993) бала өлімі тіркелген. Нәрестелер өлімінің коэффициенті 1000 туғанға 14,3 (14,9) өлгендерді құрады. Нәрестелер өлімінің ең көп тараған себептері

перинаталдық кезеңде пайда болатын жағдайлар болып табылады, одан ағымдағы жылдың қаңтар-наурызында 565 (505) нәресте өлген немесе 1 жасқа дейінгі барлық өлімінің 49,5% (50,9%).

Ағымдағы жылғы қаңтар-наурызында некелер мен ажырасулар саны тиісінше 28277 және 8873 (26261 және 8135) құрады. Неке және ажырасудың жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға 9,1 (8,3) некені және 2,4 (2,2) ажырасуды құрады.

Халық көші-қонының оң айырымы ағымдағы жылдың қаңтар-наурызында 5957 (10038) адамды құрады, одан ТМД елдерімен - 4157 (8584) адам. Осы кезең ішінде иммигранттар саны 12453 (16324), ал эмигрантар - 6496 (6286) адамды құрады.

Халық көші-қоны айырымының өзгеруі

адам



Ағымдағы жылғы қаңтар-наурызда Қазақстанға келгендер саны 2006 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 3871 адамға немесе 23,7%, ал Қазақстаннан кеткендер саны 210 адамға немесе 3,3% көбейді. ТМД елдерінен келгендер мен сол елдерге қоныс аударғандар үлесі олардың жалпы санынан тиісінше 80,7% және 90,7% (86,4% және 87,9%) құрады.

Иммигранттардың көбісі Өзбекстан, Ресей және Қытайдан келеді, олардың үлесі ТМД және ТМД-дан тыс елдерден келгендердің жалпы санынан тиісінше 42,6%, 21,7% және 11,2%, ал негізінен Ресей Федерациясы мен Германияға қоныс аударады - ТМД және ТМД-дан тыс елдеріне кеткендердің жалпы санынан тиісінше 85,3% және 6,9%.

Шетелдерден Қазақстанға келген көшіп-қонушылардың негізгі бөлігі Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Алматы облыстарына және Алматы қаласына көшіп келген, ал Қазақстаннан кеткендер негізінен Қостанай, Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарынан қоныс аударды.

Иммигранттар мен эмигранттар санындағы еңбекке жарамды жастағылардың үлесі 74,5% және 74,2% құрады. Тұтасымен ел бойынша еңбекке жарамды жастағы әрбір эмигрантқа осы жас категориясындағы 1,9 (2,5) иммигранттан келеді.

Ел ішіндегі көшіп-қонушылардың саны 69079 (66675) адамды құрады, одан 29806 (29168) адам немесе 43,1% (43,7%) - халықтың өңіраралық көші-қонында. Өңіраралық қоныс аударуда халық көші-қонының оң айырымы елдің 5 (6) өңірінде байқалады, одан шамасы бойынша ең көбі Алматы және Астана қалаларында: 4795 (6411) және 3541 (3130) адам. Халықтың өңіраралық көші-қонындағы оң айырым Алматы қаласында негізінен Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының, ал Астана қаласында Ақмола, Оңтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарының көшіп-қонушылары есебінен қалыптасты.

11.2 ХАЛЫҚТЫҢ АУРУ-СЫРҚАУЛЫҒЫ

Республикалық СЭС-тің деректері бойынша 2007 жылғы қаңтар-наурызда 2006 жылдың қаңтар-наурызымен салыстырғанда республика аумағында сальмонеллез жұқпаларымен (2,6 есеге), жоғары тыныс жолдарының нақтыланбаған өткір жұқпасымен (1,6 есеге), менингококк жұқпасымен (46,7%-ға), өткір вирустық гепатитпен (33,7%), қызамықпен (29,7%), бактериялық дизентериямен (17,8%), бірінші рет анықталған созылмалы вирустық гепатитпен (8%), эхинококкозбен (2,4%) ауырғандар саны өскені анықталған. ЖҚТБ-мен ауырғандар саны 34 оқиғаны құрады; 505 АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушылар анықталды (2006 жылдың қаңтар-наурызында – 423).

2007 жылдың қаңтар-наурыз айларында тіркелген жұқпалы аурулардың арасында аса кең тараған жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпасы (100 мың адамға шаққанда 17123,3 оқиға), тұмау (418,8), тыныс органдарының туберкулезі (120,5), вирустық гепатит (88), ішектің өткір жұқпасы (80,9), мерез (47,4), битшеңдік (37,9) және қышыма (25,4) болды.

2006-2007 жж. қаңтар-наурыздағы ауру-сырқауға шалдығу оқиғаларының тіркелген саны

бірліктер



14 жасқа дейінгі балалар арасында жоғары тыныс жолдарының нақтыланбаған өткір жұқпасымен (1,6 есеге), менингококк жұқпасымен (48,4%-ға), өткір вирустық гепатитпен (46,7%), қызамықпен (30,8%), бактериялық дизентериямен (5,2%), тыныс органдарының туберкулезімен (5%), қышымамен (1,3%) ауырғандар саны көбейген. Тұмаумен ауырғандар саны 22,3 есеге өскен. 26 АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушылар анықталды.

Ағымдағы жылғы наурызда 2006 жылдың наурызымен салыстырғанда сальмонеллез жұқпасымен (5,5 есеге), тұмаумен (2,9 есеге), менингококк жұқпасымен (1,6 есеге), бактериялық дизентериямен (28,6%-ға), диагнозы бірінші рет қойылған бруцеллезбен (5,6%), өткір вирустық гепатитпен (2,6%) ауырғандар саны өскен. 197 АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушылар анықталды. Ауылдық жерлерде осы кезең ішінде диагнозы бірінші рет қойылған бруцеллезбен (11,2%-ға), нақтыланбаған бактериялық ішек жұқпасымен (10,1%) ауырғандар саны өскен. Анықталған АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушылардың саны 55 оқиғаны құрады.

11.3 ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректері бойынша республика аумағында 2007 жылғы қаңтар-наурызда тіркелген қылмыстардың саны 2006 жылдың қаңтар-наурызымен салыстырғанда 2,1%-ға азайып, 32,4 мыңды құрады, олардың 27,2% әйелдерге, 4,8% - кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстар. Тіркелген қылмыстардың саны тұтастай республика бойынша халықтың 10 мың адамына шаққанда 85 оқиғаны құрады.

Қылмыстылық құрылымында ең жоғары үлес салмағы меншікке қарсы жасалған қылмыстарға келеді (63,2%). Олардың ішінде едәуір бөлігі бөтен адамның мүлкін ұрлауға (40,1%) тиесілі болып отыр, ол 2006 жылдың қаңтар-наурызымен салыстырғанда 3,6%-ға кеміген.

Халықтың денсаулығы мен адамгершілігіне қарсы жасалған қылмыстардың үлесі (9%) құрап, олардың саны 2006ж. қаңтар-наурызбен салыстырғанда 5,7%-ға өскен. Бұл топта ең жоғары үлес (8,6%) есірткіге байланысты жасалған қылмыстарға келеді, олардың саны 6,8%- ға өскен. Есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды өткізу мақсатында заңсыз әзірлеуге, сатып алуға, сақтауға, тасымалдау мен жіберуге, оларды тұтынуға бейімдеуге, есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды тұтыну үшін притондар ұйымдастыруға немесе ұстауға байланысты қылмыстар саны 15,8%-ға көбейіп, 1,5 мың оқиғаны құрады. Бұл санаттағы қылмыстардың ашылуы 86,7% құрады (2006 жылғы қаңтар-наурызда – 87,4%).

